



## МАҢҒЫСТАУ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ҚАҚПАСЫ, СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫ АЙМАҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Маңғыстау облысына жұмыс сапарымен барды. Президент аймақтағы маңызды нысандарды аралап, инвестициялық жобалармен танысты. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі кеңес өткізді.

Мемлекет басшысы бұған дейін аймақтағы таза ауызсу мәселесін шешуді, білім беру және денсаулық сақтау жүйесін жақсартуды тапсырған болатын. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көлік-логистика әлеуетін арттыру және туризм саласын дамыту жөнінде нақты міндеттер қойылды. Президенттің төрағалығымен өткен Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі кеңесте осы бағыттар бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижелері мен орын алған олқылықтар сараланып, алдағы кезеңге міндеттер қойылды.

### АУЫЗСУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ АРТУДА

Мемлекет басшысы Үкімет пен «Самұрық-Қазына» қорына аймақтағы су тапшылығын азайту үшін нақты шешім қабылдауды тапсырды.

— Еліміз үшін Маңғыстаудың орны бөлек. Бұл — стратегиялық маңызы бар аймақ. Маңғыстауды Қазақстанның батыс қақпасы деуге болады. Мен облыстың тыныс-тіршілігін ерекше назарда ұстаймын. Сондықтан бүгін аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму барысын егжей-тегжейлі талқылауымыз қажет.

Аймақтың жалпы өнімі екі жылда 1,3 есеге өсті. Былтыр бастапқы 9 айда өңірлік жалпы өнім 3,7 триллион теңгеге жетті. Облысқа соңғы екі жылда 2 триллион теңгеден астам инвестиция тартылған. Аймақ тұрғындарының саны үздіксіз өсіп келеді, қазір мұнда 800 мыңнан астам

адам тұрады. Бұл жағдай экономикаға және әлеуметтік инфрақұрылымға қосымша салмақ түсіреді.

Облыстағы басты міндеттің бірі — тұрғындарды таза ауызсумен қамтамасыз ету. Табиғи өсімге және көші-қон үдерісіне байланысты аймақтағы халық саны үздіксіз өсіп келеді. Сондықтан ауызсу мәселесінің өзектілігі күн өткен сайын арта түседі. МАЭК-тің су тұтыну қуаты жеткіліксіз болып тұрғанын білеміз. Соның кесірінен әсіресе, жаз айларында ауызсу тапшылығы қатты сезіледі. Үш қалаға және орталық құбыр желісі бар 59 елді мекенге ауызсу белгілі бір уақытта ғана беріледі. Су тапшылығы — күніне 23 мың текше метр. Қазір су тұтытатын 6 зауыт пен қондырғы салынып жатыр. Кендірлідегі жоба іске қосылған соң Жанаөзен қаласының, Теңге, Қызылсай, Рахат және Кендірлі ауылдық округтерінің тұрғындарын таза сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік туады. Сондай-ақ қосымша жұмыс орындары ашылады. Бұл жобаны кешіктірмей, мамыр айында аяқтау керек. 2023 жылы «Астрахань — Маңғышлақ» магистралды су құбыры жаңғыртылды. Оның су өткізу мүмкіндігі күніне 110 мыңнан 170 мың текше метрге дейін артты. Бірақ бұл құбыр батыс аймақтың суға сұранысын толық өтей алмайды. Оның үстіне, құбыр арқылы келетін суды әбден тазарту керек. Сондықтан судың өзіндік құны қымбатқа түседі. Үкімет «Самұрық-Қазына» қорымен бірге осы аймақтағы су тапшылығын азайту үшін нақты шешім қабыл-

дауға тиіс, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент аймақтағы су құбыры мен кәріз желісінің тозуын аса күрделі мәселе деп атап, Ақтөбе облысындағы Көкжиде жерасты суларын игеруге қатысты жобаны жан-жақты пысықтап, экономикалық тиімділігін зерттеу қажеттігін ескертті.

— Сарапшылар Көкжиде, Айшуақ және Солтүстік Айшуақ жерасты суларынан Маңғыстау және Атырау облыстарының елді мекендеріне дейін су құбырын тартуды ұсынып отыр. Су құбырының ұзындығы шамамен 1 400 шақырым болады, су өткізу мүмкіндігі — күніне 170 мың текше метр. Сол арқылы 1,2 миллион адамды таза ауызсумен қамтамасыз етуге және оның көлемін арттыруға мүмкіндік туады. Ақтау қаласындағы су құбыры желісі әбден тозған, тозу көрсеткіші — 77 пайыз. Соның кесірінен судың 16 пайызы ысырап болып жатыр. Аймақтағы су құбыры мен кәріз желісінің тозуы аса күрделі мәселе. Мәселен, су құбыры Ақтауда — 77%, Жанаөзенде 59 пайыз тозған. Ал кәріз желісі Ақтауда — шамамен 76%, Жанаөзенде 72 пайыз тозған. Шалғайда тұратын малшылардың өз бетімен құдық қазу туралы бастамасын қолдаймын. Бұл жұмысқа 100 миллион теңге қажет деп отыр, кемінде 50 малшы суға қол жеткізеді екен. Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев әкіммен бірлесіп бұл мәселені пысықтауы керек, — деді Президент.

### ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІ ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Ақтауды жылумен қамту және тұрғын үйлерді жаңғырту мәселесіне назар аударды. Қазір Ақтауда «МАЭК» компаниясы жылу береді. Бірақ облыс орталығы тез

өсіп жатыр. Қаланы жылумен толық қамтамасыз етуге кәсіпорынның қуаты жетпейді.

— Былтыр Ақтауда ұзындығы 12 шақырым болатын жылу желісі салынып, жаңғыртылды. Нәтижесінде, қалаға жылудың дұрыс жетуіне мүмкіндік туды. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуы керек. Былтыр облыста 846 мың шаршы метр тұрғын үй салынды, жоспардан 20 пайызға артық. Дегенмен облыстағы тұрғын үй қорының 7 пайызы әбден ескірген. Көппәтерлі 177 үй күрделі жөндеуді қажет етеді. Тұрғын үйлерді жаңғырту мәселесіне айрықша назар аудару керек. Ақтауда үлескерлер қаржы салған 6 үйдің құрылысы бітпей тұр. Орынсыз, яғни бей-берекет салынған құрылыс нысандары да бар, — деп Президент Үкіметке әкімдікпен бірге нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

Мемлекет басшысы Жанаөзендегі газ өңдеу зауыты құрылысының кешігуін ескертіп, Үкіметтің өрескел қателігін сынға алды. Президент бұл нысанды 2024 жылға қарай іске қосу туралы тапсырма берген болатын. Мердігермен келісімшартқа былтыр ғана қол қойылған. Енді зауытты іске қосу мерзімі 2027 жылға созылып отыр. Үкімет бұл мәселені қатаң бақылауға алуы керек.

### ӨНДЕУ СЕКТОРЫ ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН АШАДЫ

Президент жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беретін өңдеу секторының, кәсіпкерлікті дамытудың маңызына тоқталды. Қазір облыста 77 мың шағын және орта бизнес нысаны жұмыс істеп тұр. Олар 150 мың адамға жұмыс беріп отыр. Былтыр кәсіп иелері шығарып жатқан өнім көлемі 270,5 миллиардқа өсіп, 2,2 триллион теңгеге жетті. Биыл аймақтағы

шағын және орта бизнесті қолдау үшін мемлекеттік бюджеттен 16 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінетін болды. Қазірдің өзінде 12,5 миллиард теңге бөлініп, 150 жобаға қолдау көрсетілген. Бұдан бөлек, жақын арада Mangystau Business бағдарламасы іске қосылады. Осы ауқымды жұмыстың аясында 30 жаңа жобаға қаржы бөлінбек, жалпы сомасы 1,5 миллиард теңге болады.

— Өздеріңіз білесіздер, облыстың өз ерекшелігі бар. Мұнай өндірісінің басым болуы, шөлді жерде тұрғаны, су тапшылығы, азық-түлік импортына тәуелділік. Сондықтан жоспардағы барлық шаруаны тиімді іске асыру үшін мемлекеттік органның бәрі жұмыла жұмыс істеуі керек. «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағы облыстағы кәсіпкерлікті дамытуға ерекше серпін беретін орталық болуға тиіс. Қазір онда 22 жаңа жоба жүзеге асырылып жатыр. Арнайы экономикалық аймаққа салынған инвестицияның жалпы көлемі — 337 миллиард теңге болды, соның тең жартысы — шетел инвестициясы. Биыл арнайы экономикалық аймақтың аумағын жеті есе ұлғайту жоспарланып отыр, яғни, 3,7 мың гектардан 26,5 мың гектарға дейін. Бұл — орынды шешім. Әкімнің де экономикалық аймаққа қатысты ұсыныстары бар. Халық тұтынатын тауарларды, соның ішінде азық-түлік өндірісін экономикалық қызмет түріне қосуға болады. Дегенмен жоғары сапалы өнім шығарып, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беретін өңдеу секторына басымдық беру қажет. Үкімет пен әкімдік осы салаға егжей-тегжей талдау жасап, тиімді жұмыс жүргізуге тиіс. Қағазбастылық болмауы керек, нақты, нәтижелі жұмыс қажет, — деді Президент.



## АҚОРДА

19 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

# МАҢҒЫСТАУ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ҚАҚПАСЫ, СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫ АЙМАҚ

(Басы 1-бетте)

## ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ ҚАЖЕТ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Еуразиядағы негізгі транзит хабы ретіндегі рөлін арттыра түсу қажеттігіне ерекше тоқталды.

— Маңғыстау облысы еліміздің транзиттік әлеуетін арттыру ісінде маңызды рөл атқарады. Бұл — Шығыс пен Батыс, Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы халықаралық көлік дәліздері тоғысқан бірегей жер. Біз теңіз инфрақұрылымын, соның ішінде Ақтау және Құрық порттарын дамытуға ерекше мән беріп отырмыз. Осы аймақтар Транскаспий халықаралық көлік дәлізіндегі негізгі тораптың бірі саналады. Соңғы жылдары бұл дәліз арқылы жүк көлігі мерзімі үш есе қысқарды. Тасымал құны тұрақталды. Озық технологиялар жаппай енгізіле бастады. Халықаралық логистикалық компаниялар еліміздің көлік саласына инвестиция салуға қызығушылық танытып отыр. Олар, әсіресе, теңіз порттарын дамыту ісіне қаржы құюға мүдделі. Үкімет облыс әкімдігімен бірлесіп, шетел инвесторларымен белсенді жұмыс істеуі керек. Қазақстанның Еуразиядағы негізгі транзит хабы ретіндегі рөлін арттыра түсу қажет. Көлік, темір жол және теңіз порты инфрақұрылымын дамытуға арналған жобаларды тездетіп жүзеге асыру керек. Биыл Құрық-Жетібай тасжолын жөндеу жұмысы аяқталады. Енді Түрікменстан бағыты бойынша көлік-тасымал әлеуетін арттыру қажет. Жаңаөзеннен шығып, Кендірлі арқылы Түрікменстан шекарасына дейін баратын күре жолды жөндеуге биылдан бастап кірісуді тапсырамын. Темір жол бекеттерін жаңғырту және жаңарту жұмысы басталды. Еліміз бойынша 125 вокзалды жөндеу жоспарланып отыр. Оның ішінде Маңғыстау, Бейнеу және Шетпе бекеттері бар. Жолаушыларға, әсіресе, өз бетімен жүріп-тұруы қиын азаматтарға қолайлы жағдай жасалады. Бұл шаралар облыстағы және жалпы еліміздегі көлік қатынасын жақсарту түсетіні сөзсіз. Алты жылдан бері тоқтап тұрған «Бейнеу астық терминалы» биыл қаңтарда іске қосылды. Қазір онда бір мезетте 100 мың тонна астық сақтауға болады. Сондай-ақ күніне 150 тонна — үн, 50 тонна жем шығаруға мүмкіндік бар. Ал жаңғырту жұмысынан кейін бұл көрсеткіштер 400 тонна үн және 100 тонна жемге дейін артады. Астық терминалының қуатын арттырып, толық жұмыс істеуін қамтамасыз еткен жөн. Оны құрлықтағы Өткел кешені ретінде пайдалану қажет. Сол арқылы Каспий маңындағы елдерге өз өнімдерімізді экспорттай аламыз, — деп атап өтті Президент.

## БІЗ – ӘЛЕУМЕТТІК ЕЛІМІЗ

Мемлекет басшысының облыстағы білім сапасын жетілдіру жұмысының нәтижесіне көңілі



толмады. Аймақта 46 мың бала (93,9%) балабақшаға барады, бірақ орын тапшылығы әлі жойылған жоқ. 3,5 мыңға жуық бала кезекте тұр. Білім сапасына қатысты түйткілдер бар. Былтыр мектептегі білім деңгейін бағалау үшін облыста арнайы тест өткізілді. Оған қатысқан балалардың 37 пайызының білімі төмен екені анықталды. Былтырғы Ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижелері де мез емес. 1,5 мыңға жуық бала, яғни, 20 пайызы оқуға түсуге қажетті ең төменгі балдың өзін жинай алмаған.

— Бұл — еліміздегі ең нашар көрсеткіштің бірі. Биыл қаңтар айындағы тестілеуге 8 мыңнан астам оқушы қатысқан. Оның үштен бірі шекті көрсеткіштен өте алмаған. Облыстағы ауыл және қала мектептерінің арасындағы білім сапасының алшақтығы — өзекті мәселенің бірі. Тіпті, Ақтау мен Жаңаөзендегі мектептердің білім деңгейінде айырмашылық бар. Мектептегі орын тапшылығы азаймақ түгілі көбейіп барады. Қазір 14 мыңға жуық орын жетіспейді. Үш ауысымды және апатты мектептер мәселесі әлі күнге дейін шешілмеді. Білім беру жүйесін дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған өңірлік Жол картасы қабылданды. Алайда нақты нәтиже жоқ, — деп Президент «Самұрық-Қазына» қорына облыс әкімдігімен бірлесіп жайлы мектептердің құрылысын тездетуді тапсырды.

Мемлекет басшысы облыстың денсаулық сақтау жүйесіндегі кемшіліктерді де атап көрсетті. Соңғы жылдары аймақта сәби өлімі азайды, бірақ елдегі жағдаймен салыстырғанда бұл көрсеткіш бәрібір жоғары болып отыр. Аймақта қатерлі ісік дертіне шалдығу және одан көз жұму деректері азайғанымен, ауруын асқындырып алғандар әлі де көп. Облыста жедел жәрдем бригадалары жетіс-

пейді. Балалардың тамақтан жаппай улану деректері азаймай тұр.

— Бұл — әбден ұят нәрсе. Былтыр 400-ден астам, биыл 42 бала зардап шеккен. Бұл оқиғалар мектептерде азық-түлік қауіпсіздігі сақталмай жатқанын көрсетеді. Әкімдік осындай өрескел жағдайларға мүлде жол бермеуге тиіс. Әлеуметтік саланың маңызы айрықша, біз — әлеуметтік елміз. Қандай жағдай болса да, мемлекетіміз тиісті әлеуметтік міндеттемені орындайды. Мұқтаж жанның бәріне қажетті көмек көрсетіледі. Әлемде мұндай тәжірибе сирек кездеседі. Бірақ біз үшін бұл — мызғымас ұстаным. Өкінішке қарай, мәселенің екінші жағы бар. Әлеуметтік жеңілдіктер мен жәрдем алу болу үшін қитұрқы әрекеттер жасайтындар аз емес. Тіпті, әлеуметтік алаяқтық пайда болды. Ондай алаяқтар мемлекетке де, қоғамға да зиянын тигізіп жатыр. Шын мұқтажға көмек берілуге тиіс. Әлеуметтік қолдау жүйесін мұқият зерделеу керек, — деді Президент.

## ТУРИСТІК АЙМАҚТЫ ДАМУ ТУРАСЫНДА ТАПСЫРДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев туризмнің қарқынды дамуына жол ашатын бағыттарды атап, туризм саласына жеке инвестиция тарту мәселесіне тоқталды. Үкіметке «Маңғыстау» туристік аймағын дамытудың кешенді жоспарын маусымда шұғыл аяқтауды тапсырды. Былтыр облысқа шетелден 43 мың, ал еліміздің басқа аймақтарынан 460 мыңға жуық турист келген, соңғы үш жылда олардың саны 1,5 есе артты. Бекет Ата жерасты мешітіне, Бозжыра шатқалына, Айрақтыдағы «Қамалдар алқабына» және Торыштағы домалақ тастарға туристер өте көп барады. Ақтау түркі әлемінің мәдени астанасы мәртебесін алды. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев

өндіріс орындарының экология талаптарын міндетті түрде сақтауға тиіс екенін, аймақтағы экология мәселесін шешуге ерекше көңіл бөлу қажеттігін айтты.

— «Қошқар-Ата» қалдықтар қоймасына қатысты түйткіл талайдан бері шешімін таппай келеді. Онда Каспий маңы тау-кен металлургия комбинатына қарасты 3 зауыттан шыққан 105 миллион тонна қалдық жатыр. Бұдан бөлек, аймақтағы полигондарда 200 мың тоннадан астам кокыс жиналып қалған. Рұқсат етілмеген жерге заңсыз тасталған кокыстар да көп. Жалпы, облыста кокыс тастайтын 68 рұқсат етілмеген орын бар. Оның алпысы жойылды, сегізі кәсіпкерлерге тиесілі жерде орналасқан. Мұның бәрі халықтың тұрмыс сапасына кері әсерін тигізіп отыр. Бұл мәселе бойынша Үкімет тоқсан сайын маған тікелей баяндауы керек. «Таза Қазақстан» акциясы аясында елді мекендерді абаттандыру ісін жалғастыру қажет. Ақтауда ағаштарды көбірек отырғызуға тырысу керек. «Таза» деген — киелі сөз. Бұл ұғым халқымыздың болмысының бір бөлігі болуы қажет, — деді Президент.

Жиында Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай, Премьер-Министрдің орынбасарлары Қанат Бозымбаев пен Ермек Көшербаев, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Асхат Хасенов баяндама жасады.

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫҢ ПУЛЫ ЖАСАҚТАЛАДЫ

Мемлекет басшысына Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында аймақтағы инвестициялық жобалар таныстырылды. Өңірдегі ірі инвестициялық жобалар қатарында Ақтау қаласындағы қуаты 160 МВт болатын бу-газ

кондырғысының құрылысы, мультимодальды логистикалық-авиациялық хаб, кеме құрастыру верфі, бекіре балығын өсіру және уылдырық өндіру шаруашылығы, «Бозжыра» визит орталығын салу, сондай-ақ аммиак-карбамид кешені іске қосу секілді елеулі жобалар бар. Қасым-Жомарт Тоқаевқа былтыр аймақ экономикасына 1,1 млрд доллар көлемінде тікелей шетелдік инвестиция тартылғаны жөнінде мәлімет берілді. Құны 36 млрд теңге болатын 15 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 530 тұрақты жұмыс орны ашылған. 5,7 трлн теңгеге 55 әлеуетті инвестициялық жобаның пулы жасақталды.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның транзиттік әлеуетін дамытуда маңызды рөлге ие басты логистикалық хабының бірі — Ақтау халықаралық теңіз портына барды. Көлік министрі Марат Қарабаев өңірде жалпы құны 1,9 триллион теңге болатын 24 инфрақұрылымдық жобаның жүзеге асырылып жатқанын айтты. Былтыр Транскаспий халықаралық көлік дәлізі бойынша жүк тасымалы 62 пайызға өсіп, 4,5 миллион тоннаға жеткен. Аталған бағытпен 358 контейнерлік пойыз, 27 мың автокөлік жүк тасымалданған. Экспорт көлемі 3,2 миллион тоннаны құраған. 2028 жылға дейін бұл көрсеткішті 10 миллион тоннаға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Ақтауда контейнерлік хаб салынып жатыр. Бұл жоба порттың жүк өткізу қабілетін 140 мыңнан 240 мың ЖФӘ-ге дейін ұлғайтады.

Сонымен қатар Президент Ақтаудағы көтерме сауда-тарату орталығының жұмысымен танысты. Азық-түлік қауіпсіздігін сақтайтын мұндай нысан аймақта алғаш рет салынып отыр. Жыл соңына дейін орталықтың екінші кезеңін іске қосу жоспарланған. Бұған қоса, Мемлекет басшысы Кендірлі курорты аумағындағы әуежай құрылысын тезірек аяқтауды тапсырды. Әуежай сағатына 150 жолаушы қабылдай алады. Кендірліні Алматы және Астана қалаларымен жалғайтын тұрақты әуе рейстерін ашу жоспарланған. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Шахмардан Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің аумағында орналасқан технология паркінің жұмысымен және көпфункционалды спорт кешенінің қызметімен танысты. Президент жергілікті спортшылармен, студенттермен әңгімелесіп, оларға сәттілік тіледі.

Мемлекет басшысының Жарлығымен қызметтік борышын атқаруда көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін офицерлер мен сержанттарға II дәрежелі «Айбын» ордені, «Ерлігі үшін» және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдары тапсырылды.

Айдана НҮРМҰХАН



## ЖЕҢІС КҮНІ ЕРЕКШЕ МӘНГЕ ИЕ



Санкт-Петербурда ТМД Парламентаралық Ассамблеясының 58-ші пленарлық отырысы өтті. Оған Достастық елдер Парламенттері палаталарының басшылары мен депутаттары қатысты. Қазақстандық делегацияны Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастап барды. Сапар аясында ол Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған ТМД ПАА-ның салтанатты отырысында сөз сөйледі және маңызды екіжақты кездесулер өткізді.

Мәулен Әшімбаев салтанатты кездесуге қатысушыларға ілтипат білдіріп, қазақстандықтар үшін Жеңіс күні ерекше мәнге ие екенін атап өтті. Қазақстан Жеңіске айтарлықтай үлес қосқан негізгі индустриялық және гуманитарлық орталықтардың бірі болды. Майданға аттанған миллион екі жүз мың қазақстандықтың жартысынан көбі елге оралған жоқ. Сондай-ақ 500-ден астам отандасмыздың «Кеңес Одағының Батыры» атанғаны айтылды.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз ұлтымыздың қаһарман ұл-қыздарының арқасында алаңсыз

енбек етіп, ұрпақ өсіріп, жарқын болашаққа қадам басып келеміз. Сол үшін оларға мәңгі қарыздармыз. Ешкім де ешқашан ұмытылмайды!» – деп нақты атап өтті. Мемлекет басшысының бастамасымен былтыр «Айбын» орденінің дәрежелеріне аты аңызға айналған батырлар Сағадат Нұрмағамбетов, Бауыржан Момышұлы және Рахымжан Қошқарбаевтың есімдері берілді. Быыл 7 мамырда Астанада Жеңістің 80 жылдығы мен Отан қорғаушылар күніне арналған әскери шеру өтеді. Бүкіл Қазақстан бойынша Ұлы Жеңіс күнін атап өтуге қатысты белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Олардың

қатарында конференциялар мен көрмелер, концерттер мен әскери-патриоттық акциялар, спорттық жарыстар мен ғылыми-ағартушылық жобалар бар. Елді мекендерге, көшелерге, мектептерге ардагерлердің есімдері берілуде. Жеңістің 80 жылдығына орай қолдау шараларына қосымша әрбір ардагерге 5 млн теңгеден біржолғы төлем беріледі. Бұл – ТМД елдері арасындағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Мұның бәрі тарихты дәріптеуге және Қазақстандағы ұрпақтар сабақтастығын сақтауға деген ұмтылысымыздың жарқын көрінісі», – деді Сенат Спикері.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев ардагерлерге құрмет көрсету, халықаралық форумдар мен ғылыми конференциялар және Жеңістің 80 жылдығы аясында түрлі мемлекеттерде өтіп жатқан патриоттық акциялар ортақ тарихты дәріптеуге қосылған үлес және ұрпақтар сабақтастығының негізі екенін айтты.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев ТМД ПАА Кеңесінің жұмысына және Ассамблеяның пленарлық отырысына қатысты. Одан бөлек, Парламент депутаттары негізгі салаларға қатысты және өзара мүддені білдіретін модельді заңдар топтамасын қарады. Бұл нормалар алдағы уақытта заң шығару қызметінде пайдалануға ұсынылады.

Отырыс алаңында Сенат Төрағасы парламенттік делегациялардың басшыларымен маңызды екіжақты кездесулер өткізді.

Сондай-ақ ТМД ПАА парламенттік делегацияларының басшылары мен мүшелері соғысқа қатысқан жауынгерлерді еске алуға арналған мемориалға гүл шоқтарын қойды.



## ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІКТІ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕСІН ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттардың талқылауына Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында әзірленген зияткерлік меншік мәселелері бойынша заң жобасы бірінші оқылымда қарау үшін енгізіледі.

Үкімет әзірлеген заң жобадан зияткерлік меншікті қорғау мен оның құқықтарын қамтамасыз ету, зияткерлік меншікті дамытуға қолайлы жағдай жасау, инвестициялар тарту және креативті экономиканы дамыту үшін қосымша құқықтық құралдар қарастырылған.

Сондай-ақ жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасына депутаттардың бастамасымен әзірленген орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша заң жобасын бірінші оқылымда қарау ұсынылады.

Депутаттық түзетулер суармалы ауыл шаруашылығы, биологиялық, ирригациялық-мелиоративтік және балық шаруашылығы саласындағы ғылыми-зерттеу және оқу орындарының тәжірибелік алқаптарының, сондай-ақ орман және су қорларының жерлерін ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары мен сел, көшкін, лай көшкінінен қорғау құрылыстарын салу және пайдалану үшін алып қоюға рұқсат беруді көздейді.

Сонымен қатар ауылдық елді мекендердің және/немесе әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылым нысандарын орналастыру мақсатымен ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін, инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету желілерінің коммуникацияларын салу үшін мемлекеттік орман қорының жерлерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыруға рұқсат беруді көздейді.

## ПАРТИЯ ҚОЛДАУЫМЕН ДОП ДОДАСЫ БАСТАЛДЫ

Астана қаласында «AMANAT» партиясының қолдауымен Жұмысшы мамандықтары жылы аясында футболдан Бекзат Саттарханов кубогі бастау алды. Екі күнге созылатын доп додасында бас-аяғы 16 команда бақ сынады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялаған болатын. «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз. Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді», – деді Президент.

Іс-шараның ашылу салтанатында «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек жыл санап елімізде спорт саласы қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

«Күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев спорт саласын жетілдіруге бағытталған жаңа заңға қол қойды. Осы құжат алдағы

уақытта спорттың дамуына тың серпін берері сөзсіз. Бұл ретте «AMANAT» партиясы да барлық спорт түрін кенінен насихаттап, әлемдік деңгейде танылуына жан-жақты қолдау көрсетіп келеді. Сайлауалды бағдарлауымызда балалардың спорт секцияларына тегін қатысу мүмкіндігі, ауылдық жерлерде тез салынатын модульдік спорт құрылыстарын салу сынды бастамалар қарастырылған. Осы бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да жалғаса береді», – деді Дәулет Кәрібек.

Бұл ретте Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Аманжол Әлтай спортпен шұғылданудың мәні мен маңызына тоқталды.

«Бүгін елорда төрінде елеулі оқиғаның күесі болып отырмыз. Дәл қазір жұмысшы мамандардың алқалы бәсекесі басталады. Спортпен шұғылданған адамның әркез



тәні мықты, рухы биік болады. Еліміздің еңсесін көтеретін, мемлекетіміздің мерейін асқатататын спортшыларымыздың, жалынды жастарымыздың қатары көбейе берсін», – деді депутат.

Бекзат Саттарханов атындағы спорт кешенінде ұйымдастырылған іс-шараға ұлт мақтанышына айналған ұланның анасы Сырлықұл Саттарханова арнайы келіп, ұйымдастырушыларға шынайы алғысын білдірді.

«Бекзаттай алтын ұлымнан айырылып қалғаныма 25 жылдың

жүзі болды. Ол небәрі 20 жасында елімізді әлем жұртшылығына танытып, байрағымызды желбіретіп еді. Енді міне, асыл перзентімнің атымен аталатын жаңа спорт кешені бой көтерді. Бекзатыма арналған турнир басталды. Ұлымның атын ұлықтап жүрген барша азаматқа айрықша алғысымды айтамын», – деді Сырлықұл Саттарханова.

Осы орайда аталған спорт кешенін тұрғызып, турнир ұйымдастырған кәсіпкер, Beles бас-тауыш партия ұйымы мен Beles құрылыс компаниясының жетек-

шісі Махат Төрәәлі жаңа нысанда чемпиондар тәрбиелеу ісіне баса мән берілетінін жеткізді.

«Осы спорт кешені қабырғасында көк Туымызды көкке көтеретін әлем, Олимпиада чемпиондары шындалса екен деп тілейміз. Алдағы уақытта дәл осы бағытта жұмыс істейтін боламыз. Бүгін футболдан турнир өткізіп отырмыз. Болашақта бұдан да ірі додаларды ұйымдастырамыз деген ойдамын», – деді ол.

Аталған турнирде «AMANAT»-тың бастауыш партия ұйымдарына мүше құрылысшылар, механиктер, медицина қызметкерлері, жүргізушілер, тазалық саласының өкілдері сынды түрлі мамандық иелері өнер көрсетеді.

Айта кетейік, былтыр «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы аясында ел аумағында 30 спорт нысаны ашылды. Онда азды-көпті 3,8 мың адам саламатты өмір салтын сақтап, спортпен шұғылдана алады.



## БАҒДАР

19 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

# КІТАП ОҚИТЫН ҚОҒАМ — КЕМЕЛ ЕЛДІҢ КЕПІЛІ



«Озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы сөзі «AMANAT» партиясының Қоғамдық саясат институты қолға алған TALQYLAU диалог алаңындағы кезекті отырыстың өзегіне айналды. Ұлттық кітап күніне орайластырылған жиынға Мәжіліс депутаттары, мемлекеттік органдардың, баспа ісінің, кітапханалардың өкілдері, сондай-ақ танымал авторлар мен зерттеушілер қатысты. Олар кітап оқу мәдениетін отандастарымыздың өмір-салтына, күнделікті дағдысына айналдыру жолын талқылады. Кітап оқу мәдениетіне мемлекеттің стратегиялық ресурсты ретінде мән беріліп, мектеп кітапханасынан бастап, цифрлық форматқа дейінгі аралықта мазмұнды әңгіме өрбіді.

Ашық диалог форматында өткен кездесуде елімізде кітап оқу мәдениетін насихаттау мен қолдау ісіне мүдделі тараптар бас қосты. Өз кезегінде, «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек кітап оқу мәдениеті бұл тек жеке таңдау мәселесі ғана емес, қоғамның интеллектуалдық дамуы мен ұлттық бірегейліктің тұрақтылығына тікелей әсер ететін фактор екенін атап өтті. Ол Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу» деп атап өткенін еске салды.

«Кітап оқу әдетін қалыптастыру – бір адамның ғана жеке шаруасы емес, ұлттық маңызы бар іс. Сондықтан «AMANAT» партиясы кітап оқу экожүйесін нығайту бағытында жұмыс істеуде. Біз авторлар мен баспагерлерге қолдау көрсетіп, кітаптың қолжетімді болуына күш салып келеміз. Бүгінде кітаптар көбіне ірі қалаларда, мегаполистерде сатылады. Ал кітап бағасы өте қымбат. Кейбіреулерінің үстемеақы мөлшері тіпті 60-100%-ға дейін жетеді. Бұған көбіне ірі дистрибьюторлар кінәлі. Соның салдарынан, кітап көпшіліктің қолы жете бермейтін дүниеге айналып бара жатыр. Осыған байланысты біз «Кітап-AMANAT» орталықтарын бүкіл еліміз бойынша, соның ішінде, әсіресе шағын қалалар мен аудан орталықтарында ашып жатырмыз. Осы күні ел аумағында 24 кітап орталығы жұмыс істейді. Онда әдеби кештер, авторлармен кездесулер сынды іс-шаралар ұйымдастырылады, кітаптар нарық бағасынан әлдеқайда арзанға сатылады», – деді «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы.

Сондай-ақ ол «AMANAT» партиясы баспагерлермен, таратушылар қауымдастығымен кітап бағасын төмендету туралы меморандумға қол қойғанын, бұған қоса жаңа Салық кодексі аясында кітап басып шығару ісін ҚҚС-тан босату туралы ұсыныс жасағанын еске салды. Партияның сайлауалды бағдарламасы аясында берілген уәде орындалып, кітапханашылардың жалақысы көтерілді.



Мәжілістегі Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің Төрағасы, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Асхат Аймағамбетов мектеп қабырғасындағы кітапханалардың сапасы мен балалардың кітап оқу әдетіне ерекше назар аударды. Депутаттың пікірінше, мәселе тек кітап санында емес, сонымен қатар олардың жас оқырманға мазмұндық жағынан қаншалықты жақын екенінде.

«Мектеп қабырғасындағы кітапханаларда Абайдың 10, Шәкәрімнің 15 томы бар. Әрине, бұл құптарлық жағдай. Алайда балаға онымен өз тілінде сөйлейтін кітап қажет. Ол комикстерді, ертегілерді, фантастиканы, шытырман оқиғаларды іздейді. Оны таппаған жағдайда кітап оқуға деген қызығушылығы да азаяды. Ондай баланы мәжбүрлесеніз де кітап оқымайды. Ал егер комикпен ертегіден бастаса – қызығушылық пайда болады. Сол арқылы құндылықтары мен ойлау жүйесі қалыптасады», – деді ол.

Асхат Аймағамбетов мектеп бағдарламасын құрастыру кезінде балаларды оқу үдерісіне үйрететін заманауи балалар әдебиеті мен жанрларына көбірек көңіл бөлу керек екенін жеткізді.

Ал Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Айдос Сарым қоғамда кең тараған «кітап оқу кезені келмеске кетті» деген пікірге қарамастан, Қазақстанда кітап оқу үдерісі жаңа қарқын алғанын атап өтті.

«Кітапқа деген қызығушылық жоғалып кеткен жоқ. Керісінше, әлеуметтік зерттеулер көрсетіп отырғандай, оң үрдіс бар. Ата-аналардың 35%-ы балаларының өздігінен кітап оқитынын, ал төрттен бір бөлігі бірге отырып оқитынын айтады. Жастар бір-біріне кітап сыйлайды, кітап дүкені жанындағы кофеханаларда оқиды, жаңа кітаптарға қызығады. Бұл – күнделікті өмірімізге кітап құндылығы қайта оралып жатқанының дәлелі. Біздің міндетіміз – қағаз бен цифрлық форматты қарсы қоймай, кітап оқу мәдениетін кез келген форматта дамыту», – деді ол.

Сондай-ақ халық қалаушысы Қазақстан ТМД елдері арасында алғаш болып жасанды интеллект туралы заң жобасын әзірлеуді Парламент деңгейінде қолға алған мемлекет екенін айтып, бұл қадам Отанымыздың интеллектуалды көшбасшылыққа деген ұмтылысын дәлелдейтінін жеткізді.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Марат Башимов кітаптың тәрбиелік мәні туралы пікір білдірді.



«Өмірімді кітапсыз елестете алмаймын. Мен үшін бұл жай ғана ақпарат көзі емес, ішкі әлемнің бір бөлігі. Балаларыма кітап оқып беремін, түсіндіремін, айтамын және кітап арқылы олардың қабылдау деңгейі қалай қалыптасып жатқанын байқап отырамын. Интернет оны алмастыра алмайды. Адамзат баласы 18 жасқа дейін қалыптасады. Сондықтан өскелең ұрпақты деструктивті цифрлық контенттен қорғап болып қорғауға міндеттіміз. «AMANAT» партиясының кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға деген қолдауы – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі мен болашағына қосқан үлесі», – деді ол.

Белгілі ғалым әрі «Центр Азия» журналының бас редакторы Сұлтан Әкімбеков баспа индустриясының қазіргі жағдайы туралы айтып, жүйелі мәселелерді атап өтті.

«Иә, кітапқа, әсіресе қазақ тілінде жарық көрген еңбектерге деген сұраныс артып келеді. Алайда өзекті мәселелер әлі де бар: кітапханалар жаңа басылымдарды сатып алмайды. Себебі олардың бюджеті жоқ. Мемлекеттік кітаптарды бөлшек саудада сатуға болмайды. Бұл шектеу нарықты тығырыққа тіреп тұр. Гранттық жобалар интеллектуалды кеңістігімізден алшақтап, Батысқа бет бұруда. Бізге Эстония немесе Молдова сынды елдердегідей кітап шығаруды және ішкі мазмұнды қолдайтын мемлекеттік бағдарлама қажет. Онысыз толыққанды мәдени экожүйе туралы ауыз толтырып ештеңе айта алмаймыз», – деді сарапшы.

Оқырмандардың рөліне де ерекше назар аударылды. Қатысушылардың пікірінше, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру ісіне ата-аналар, мұғалімдер және жастар қауымы да атсалысуы керек. Сондай-ақ талқылау жұмысына: Республикалық косымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының директоры Динара Сәдуақасова, Жошы Ұлысын зерттеу институтының директоры Жаксылық Сәбитов, Сенат Төрағасының кеңесшісі Жұлдызай Ысқақова, Ұлттық академиялық кітапхана директоры Күміс Сейітова, Президенттік орталық директорының орынбасары Серік Сыдықов және өзге де азаматтар қатысты.

Атқарушы хатшы Дәулет Кәрібек отырыс жұмысын қорытындылай келе, «AMANAT» партиясы ағартушылық бағытқа ие басымдықтардың бірі ретінде кітап оқу мәдениетін ілгерілетуді жалғастыра беретінін жеткізді.

Іс-шара аясында қазақстандық заманауи әдебиеттің көрмесі өтіп, онда жас авторлардың жаңа кітаптары, сондай-ақ классикалық әдебиет туындылары ұсынылды. Сонымен қатар «Кітап-AMANAT» жобасының көрнекі стенді ұсынылды.

Еске сала кетейік, TALQYLAU диалог алаңын құру бастамасы 2022 жылы 1 наурызда өткен «AMANAT» партиясының кезектен тыс съезінде партиялық трансформация бағдарламасының бір тармағы ретінде ұсынылды. Сарапшылар, депутаттар, мемлекеттік органдар мен ҰЕҰ өкілдері ел азаматтарын толғандырған өзекті мәселелерді шешу бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін TALQYLAU диалог алаңында тұрақты түрде бас қосады.

Әмина МҰХАНБЕТ





## МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

19 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

Еліміздің ішкі істер саласына бір реформа керек екені рас. Бірақ ол өзгерістер байыпты болғаны дұрыс. Жеке саланың өзін алып түбегейлі бетбұрыс жасай салу күрделі шаруа. Бұл істе кешенді көзқарас керек. Мәжілістің осы аптада өткен Жалпы отырысында бірінші оқылымда талқыланған құжаттан осыны аңғардық. Ол – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ішкі істер органдарының қызметі саласындағы нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуін болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы.

# ІШКІ ІСТЕР САЛАСЫНДАҒЫ ИГІ ІСТЕР

**А** Нұрлан ҚОСАЙ

Президенттің 2022 жылғы 13 сәуірдегі «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» №872 Жарлығын іске асыру мақсатында әзірленген құжатты ПМ өкілі таныстырып, Мәжілістегі жұмыс тобының жетекшісі, Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Жарқынбек Амантайұлы қосымша баяндама жасады. Оның айтуынша, Жарлыққа сәйкес Үкіметке нормалардың заңнама жағынан шамадан тыс регламенттелуіне жол бермеу тұрғысынан заңнамалық актілерге ревизия жүргізу тапсырылған. Оларды жеделдік болуы мақсатында Үкімет немесе мемлекеттік органдар заңға тәуелді нормативтік актілерде айқындауға тиіс. Мәселен, 16 заңға оларды жетілдіруге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделуде. Онда терминологиялық сөздерге, нақтылау сипатына, құрылымдық өзгерістерге, қарасора өндірісіне, қызметкерлерге өтемақы төлеуге, уақытша ұстау изоляторларына қатысты жаңашылдықтар бар. Атап айтқанда, әкімшілік қамауға алынған адамдарды қабылдау бөлу орындарында ұстау тәртібі айқындалған, Жергілікті полиция қызметі (ЖПҚ) ұғымы алынып тасталған.

Сондай-ақ көліктегі полиция бөлімшелері саласында «желілік» деген термин «көліктегі» деген терминмен ауыстырылған. Өйткені бұл терминді тек қана теміржолдарға қатысты қолдануға болады. Көліктегі полиция бөлімшелері теміржолдан басқа әуе, теңіз айлақтарына да, теміржол ұйымдары, вокзал ғимараттары, жүк парктеріне де қызмет көрсетеді. Осыған орай «желілік» деген терминді бұл жерде қолдануға келмейді. Бұдан басқа, Полиция департаментінің атауында «көліктегі» деген сөз барын ескеру қажет, бұл өз кезегінде бас орган мен оның ведомстволық бағынысты бөлімшелерінің атауларындағы қарама-қайшылыққа алып келеді. Сондай-ақ терминді ауыстыру көліктегі полиция бөлімшелерінің жұмыс істеу қағидатын, құзыреті мен өкілеттіктерінің шекарасын өзгертпейді. Заң жобасында осы сынды көптеген манызды мәселелер қозғалып отыр.

«Қоғамда үлкен талқылауға түсіп, жұртшылықтың наразылығын тудырып жатқан жағдай бар. Ол – әкімшілік құқықбұзушылық арқылы істі болған азаматтардың 15 тәулікке әкімшілік қамаққа алу туралы сот үкімі шыққаннан кейін жазаны орындау үшін айлап ке-

зекке тұруға мәжбүр екендігі. Өйткені орын жоқ. Олар жазасын, ел аузында «спецприемник» деп аталатын арнайы қабылдау орындарында өтейді. Елімізде сондай 28 мекеме бар болса, оның 14-і ғана облыс орталықтарында орналасқан. Ол жерде жалпы саны 1 109 орын ғана бар. Ол аздық етеді. Оның үстіне, көбі – Кеңес үкіметі кезінде салынған, ескірген ғимараттар.

Ал оған керісінше, кейінгі жылдары елімізде әкімшілік құқықбұзушылықтар саны артып барады. Мәселен, соңғы бес жылда бұл көрсеткіш 96 мыңға дейін өскен. Сол себеп осы проблеманы шешу мақсатында әкімшілік қамауға алынғандарды қабылдау бөлу мекемелеріне орналастыруға құқық беріп отырмыз. Қазір онда азаматтығы жоқ, жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ, былайша айтқанда тұрғылықты мекенжайы анықталмаған «үйсіз-күйсіз», «қанғыбас» азаматтар уақытша орналастырылады. Елімізде ондай 21 мекеме және онда 804 орын бар. Яғни, бұл мекемелерге үлкен салмақ түсіп отырған



шілік полиция басқармасын қайта құру арқылы олардың базасында екі басқарма ашылмақ. Олар – Құқық бұзушылықтардың алдын алу басқармасы (16 мың қызметкерді қамтитын учаскелік полиция инспекторлары, ювеналды, табиғатты қорғау полициясының, қару айналымын бақылау, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшелері) және Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету басқармасы

8 мыңды құрап, функционал мен штат санының теңгерімсіздігі қалыптасты. ЖПҚ құрылымына учаскелік инспекторлар мен олардың көмекшілері, патрульдік, ювеналды, табиғатты қорғау полициясы, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшелері біріктірілді. Бұл ретте қоғамдық қауіпсіздікке қатысты қыруар жұмысты қажет ететін қару айналымын бақылау бөлімшелері, жол-техникалық инспекциясы, арнайы мекемелер Әкімшілік полиция басқармаларының құрылымында қалды. Айталық, ЖПҚ қызметкерлері үшін «Ішкі істер органдары туралы» заңымен бекітілген қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, құқықбұзушылықтардың алдын алу және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі тікелей міндеттерді орындау

сияқты тағы да басқа шетелдер соны өндіреді. Сондықтан кендір өнімдері бізден сапалы. Оның да құрамында есірткі жоқ, енді соған көшу керек. Сондықтан бұл маңызды түзету деп айтар едім. Ондай өндірісті ашуға тілек білдіріп отырған инвесторлар да бар. Менің ойымша, одан шешудің қажеті жоқ. Өйткені спирт өндірісі де денсаулыққа зиян дегенмен, медицинада, гигиенада, техника саласында пайдаланылады емес пе? Бұл жерде ең бастысы қадағалау керек. Ал ол үшін елімізде лицензиялау қарастырылған. Егер ереже бұзылған жағдайда мемлекет инвесторды лицензиясынан айыруға, өндірісін тоқтатып тастауға дейін барады», – дейді депутат.

Тағы мәселенің бірі – әскери-тергеу органдарын аумақтық полиция органдары жүйесінен шығару жайы. Өйткені олар аумақтық полиция органдары емес және «ҚР Ішкі істер органдары туралы» заңға сәйкес ПО-ның дербес бөлімшесі ретінде бөлінген. Полиция сияқты құқық қорғау органына жатпайды.

Сол сияқты заң жобасы бойынша Қазақстанға келген шетелдік дипломаттар саусак іздерін тапсырмайтын болады. Қазіргі уақытта елімізге келіп, азаматтық алғысы келген немесе уақытша тұру құқығына ие болғысы келген шетелдіктер ғана саусак іздерін тапсыруға міндетті. Ендігі кезекте Қазақстанға кіретін шетелдік азаматтар саусак іздерін тапсыруға міндеттелмек. Алайда біздің заңнамада дипломатиялық қызмет қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін дактилоскопиялық тексерістен босату нормасы қарастырылмаған. Депутаттар әлемдік тәжірибеге сүйеніп, ресми тұлғалар, арнайы іс-шараға шақырылғандар, дипломаттар мен оларға теңестірілген тұлғалар мен олардың жақындарын саусак іздерін тапсыру міндетінен босатуды ұсынып отыр.

«Сөз соңында депутаттардың бастамасымен енгізілген нормалардың бірі туралы айта кеткім келіп отыр. Ол – қызмет бабында қаза тапқан полицейлердің отбасына ақшалай көмек көрсету мәселесі. Қазақстанда 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қызмет бабында қаза тапқан құқық қорғау органдары қызметкерлерінің отбасына бірреттік көмектен бөлек, тұрақты ай сайынғы ақшалай көмек көрсетіледі. Яғни, қайтыс болған полицейдің артында қалған жесірі мен балаларына әрқайсысына марқұмның жалақысының 40 пайызы төленеді. Бірақ сол кезде оған дейін, яки 1991 жылдың 16 желтоқсанынан 2022 жылға дейінгі аралықта қайтыс болған құқық қорғау органдары қызметкерлері ескерілмей қалған. Біз осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында заңға түзету бердік. Егер бұл ұсынысымыз қабылданса, шамамен 530 отбасы өтемақы төленетін санатқа енебек. Оған жыл сайын қосымша 968 млн теңге қарастырылған, оның 720 млн теңгесі республикалық бюджеттен, қалғаны жергілікті бюджеттен көзделіп отыр. Бұл бастаманы Үкімет те қолдап отыр. Жүзеге асар болса, ең әуелі әлеуметтік әділеттілікті орнатуға бағытталған манызды қадам болмақ», – дейді Мәжіліс депутаты Жарқынбек Амантайұлы.

**Қазақстанға кіретін шетелдік азаматтар саусак іздерін тапсыруға міндеттелмек. Алайда біздің заңнамада дипломатиялық қызмет қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін дактилоскопиялық тексерістен босату нормасы қарастырылмаған.**

жөк», – дейді Мәжіліс депутаты.

Оның айтуынша, мұндағы жүктемені азайту мақсатында қолданыстағы заңнама аясында тергеу изоляторларын да пайдалану мүмкіндігі бар. Қазір оқшаулағыштарға әкімшілік құқықбұзушылық бойынша істі болған азаматтарды орналастыру тәжірибесі жүргізіліп жатыр екен. Сондай-ақ қыркүйек айында ӘҚБтК-де қабылданған нормаға сәйкес, қамқакқа алуды қоғамдық жұмыс істеуге алмастыру бабы да іске қосылмақ. Ол да белгілі бір деңгейде жүктемені азайтады. Осылайша, заң аясында қабылдау бөлу тәртібі реттелуде. Әзірге, бірінші оқылымда қолдау тауып тұр.

Келесі бір мәселе, Жергілікті полиция қызметінің таратылуымен, яки осы ұғымның алынып тасталуымен байланысты. ПМ-нің ұсынысымен ЖПҚ мен Әкім-

(14 мың қызметкері бар патрульдік полиция, жол-техникалық инспекция бөлімшелері). Әрбір қызметті тікелей өз міндеттерімен айналысатын болады.

«Бұл әуелде халыққа полицияны жақын ете түсеміз, ішкі істер саласы халыққа жиі-жиі есеп беріп тұрады деген ниетпен 2016 жылы қолға алынған бастама еді. Бірақ ол өз-өзін ақтамады. Өйткені ЖПҚ бастықтарын тағайындау және қызметтен босату құқығы әкімдерге берілді де, ол өз кезегінде дара басшылық қағидатын бұзуға және Полиция департаменттері мен Жергілікті полиция қызметі басшылары арасындағы келіспеушіліктерге алып келді. Бұл ішкі істер органдарын басқару жүйесін орталықсыздандыру қаупін туғызды. Мәселен, әкімдерге бағынысты ЖПҚ-ның штат саны 24 мыңнан асса, Әкімшілік полиция басқармаларында

екінші кезекке қойылды. Өйткені жергілікті атқарушы органдар өзіне бағынысты полиция бөлімшелері үшін абағандыру қағидаларын бұзушылықтарды анықтау, құрылыс объектілерінен қалдықтарды шығару және тағы басқалары сияқты өзге де міндеттерді айқындай бастады. Сол сияқты учаскелік инспектордың алдына бірінші кезекте қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша міндеттер қойылды, нәтижесінде оның халықпен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі негізгі функциялары кенжелеп қалды», – дейді депутат Жарқынбек Амантайұлы.

Осылайша, ЖПҚ мәртебесі бейіндік заңмен бекітілгендіктен, ПМ-де қандай да бір реформаларды одан әрі қайта ұйымдастыру және жүргізу мүмкін емес боп қалған екен. Ішкі істер органдарының негізгі міндеттерін іске асыруға бағытталған жалпы Әкімшілік полицияның функциялары мен өкілеттіктерін сәйкестендіру талабы туындаған. Соған сәйкес, 2018 жылы ЖПҚ аумақтық Полиция департаменттерінің тиісті басқармалары болып қайта құрылған болса, енді осы заң жобасы арқылы мүлдем жойылып отыр. Құжатта одан да өзге жаңашылдықтар аз емес.

«Жұртшылыққа түсінікті болу үшін айта кететін бір жайт бар. Ол Үкіметтен келіп түскен ұсыныс бойынша қарасора шөбін, яки каннабис тұқымдас өсімдік түрін өндірістік мақсатта пайдалану шкаласын көтеру. Бізде қазір елімізде тетрагидроканнабиол құрамы 0,00%-дық, яғни құрамында есірткі мүлдем жоқ қарасораны өсіруге және өндіруге рұқсат берілген. Оны жіп шығаруға пайдаланады. Ол француздық «Сан-тик» деген сорт деп естідім. Енді одан да күштірек 0,03%-дық түрі бар. Көршілес Ресей, Өзбекстан



## БӘСЕКЕ

19 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

Қазақстанда ел бұрын білмеген жаңа бизнес пайда болды. Мәнісі мынада: жалғыз сиырдан бір жылда ең кемі 100 бұзау алуға болады. Және «қатардағы» бұзау емес, шетінен асылтұқымдысы. Бұл әрине, әлдебір сандыраққа ұқсайды. Жылына жүз бұзау туса, сиырдан не қалады? «Мың долларынды бір жылда жүз мың долларға айналдырып беремін!» дейтін алаяқтық схемасы емес пе? Жоқ, бұл – ғылым! Дамыған елдер бұзау емес, ұрық жасушасын экспорттап, байып жатыр. Бір сиырдан жылына оның жүзін алады.

## А Айхан ШӘРІП

Ауылдықтар асыл малдың – сиыры мен бұқасының ұрығын қатар сатып та мол табыс таба алады. Ол үшін Үкімет республикада қолдан ұрықтандыру шаруашылығын дамытуға дем мен мән беруге тиіс.

Жалпы, Қазақстанда бұл маңызды сала бұрыннан құрылған. Асылтұқымды малдан ұрық алып, оны көбейтіп, сақтап, фермерлерге ұсынуға 2 мекеме қызмет етеді. Оның біріншісі – мемлекетке қарасты «Асыл түлік» акционерлік қоғамы болса, екіншісі – Талдықорғандағы «Асыл» жекеменшік орталығы. Осыдан 10 жыл бұрын «Аксанат Инжиниринг» атты үшінші орталық та болған-тын. Мемлекет тарапынан тиісті қолдау таба алмай, қалталы инвестор тарта алмай, ақыры жабылып тынды.

Мәжіліс депутаты, бұған дейін Республикалық асылтұқымды мал шаруашылығы орталығын басқарған Анас Баққожаевтың айтуынша, бүгінде «Асыл түлік» пен «Асылдың» да жағдайы мәз емес. Бірі ешқандай инвестиция болмаған соң мекемені банкроттыққа жеткізбеу үшін әртүрлі сан-сапалы ғылыми жобаларға қатысып, «өлместің» күнін көріп жүр. «Асыл» болса, ұрық өндірісін тоқтатпас үшін өзінің жеке қаражатымен мекемені ұстап тұр.

Ал өркениетті әлемде ұрық бизнесі – ауыл шаруашылығының ең бір кірісті әрі келешегінен мол үміт күтіретін сегменті саналады. Мысалы, қарапайым фермер бір сиырдан бір жылда ең көп дегенде 2 асылтұқымды бұзау алып, оларды торпаққа не тана-тайыншаға дейін өсіріп, әрқайсысын әрі кетсе 1 мың доллардан сата алады.

Сонымен бірге асылтұқымды 1 эмбрион 200 доллар ғана тұрады. Есесіне, мамандар бір ғана сиырдан сол бір жылда 500-ге дейін аналық ұрық ала алады, егер оның 30%-ын ұрықтандыра алса, онда 100-200 эмбрион шығады. Демек, қос бұзауды сатудан табатын 2 мың доллар орнына, бір сиырдың ұрықтандырылған эмбриондарынан 20 000-40 000 долларға дейін (21 миллион теңгедей) табыс таба алады.

Бұл фермерге де ыңғайлы. Ол асылтұқымды бұқаны «арендаға» алып, табынына түсіргенімен, ақырында сиырының қаншасы буаз болатынын, қаншасы қысыр қалатынын болжап біле алмайды. Экономика мен инвестиция тұрғысынан бұл онша тиімді емес, тәуекелді тәсіл.

Ұрықтандырылған эмбриондарды енгізе, мамандандырылған Vytelle компаниясының дерегінше, оның 48-55%-ға дейінгісі реципиент сиырдың бойына бұзау болып бітеді. Бұл жағдайда жүз сиыр генетикалық тұрғыдан күндіз 50-100 бұзау туады. Сондай-ақ 1 мың долларға асылтұқымды баспақты сатып алғаннан оның жарты ақысына дайын эмбриондарды сатып алған арзандау.

# ТҮЛІК АСЫЛДАНСА, ТАБЫС АРТАДЫ



## ЖАҢА БИЗНЕСКЕ ҚАТЫСТЫ БЕС ҰСЫНЫС

Ауыл шаруашылығының басқа бағыттарында, тіпті қазаққа жеуге болмайтын шошқа шаруашылығында кез келген жаңа технологияларды игеруге қыруар демеуқаржы беріледі. Үкімет оларға жеке назар аударып, әртүрлі жеңілдіктермен жарылқайды. Ал мал шаруашылығының ең перспективалы, қарқынды дамушы индустриясы – ұрық өндірісіне тірек беруден аяқ тартып отыр. «Өз күнін өзі көр» деген саясат жоғарғы ғылымға құрылған саланы жарға жығады.

– Министрлік айналдырған екі мекемені дамыта алмады. Қолдан ұрықтандыру ісі мамандарының саны жылдан жылға азайып барады, олар шетелге, Ресейге кетіп жатыр. Жылдар бойы тірнектеп жинақтаған тәжірибе мен әлеуетімізден айырылып қалдық. Сенат пен Мәжілістен талай рет осы мәселені шешу бойынша ұсыныстар берілді, қоймай-қоймай мәселе көтерілді. Оның ішінде асылтұқымды бұқалардан алынатын ұрықтардан тек ұрғашы жынысты бөліп алу технологиясын кенінен зерттеп, ендіру бойынша ғылыми ұсыныстар бар. Бірақ ешқайсысы қолға алынбап, орындалған емес, – дейді Анас Ахатұлы.

Депутат соғыс жүргізген Ресейдің өзі санкция аясында импортқа тәуелділіктен кету үшін бір жынысты ұрық алу технологиясының лицензиясын сатып алып, оны толығымен жолға қойғанын еске салды.

«Бізше? Бүгінде біздің фермерлер ұрықтың көп бөлігін шетелден әкеледі. Содан жыл сайын сыртқа кететін қаржының көлемі 10 миллиард теңгеден асып жығы-

лады. Себебі «Асыл түлікте» де, «Асылда» да бәсекеге қабілетті бұқалар мен кошқарлар жоқ! Өйткені оларды сатып алатын қаражаты жоқ. Осылай жалғаса берсеб бұл екі мекеме де жақын арада жабылады», – деді Анас Баққожаев.

Парламент депутаттары, біріншіден, Ауыл шаруашылығы министрлігінен ұрықтандыру саласын дамытуға арналған жеке бағдарлама қабылдауды сұрады. Екіншіден, шетелден әкелетін ұрыққа субсидия төлеуді тоқтату талап етті. Оның орнына сол ұрықты өз шаруашылықтарымыз, ауылдықтардың өзі өндіруі керек. Мысалы, Америкада әрбір ферма асылтұқымды айғыр, бұқа, кошқарларын «сауып», алғанын грамап сатып, мол пайдаға кенеліп отыр.

Үшіншіден, қолдан ұрықтандыру бойынша мамандардың санын ұлғайту қажет. Олар ауылдарды, жеке шаруашылықтарды аралап, «шеберлік сабағын» өткізіп, елге жаңа бизнестің қыр-сырын үйреткені жөн. Ауылда қолдан ұрықтандыруды игеріп, жұмыс істей алатын жастар көп. Оларды осы екі орталық арқылы оқыту және дайындау қажет.

Төртіншіден, депутаттар сырттан келетін ұрықтардың сапасы зертханада тексерілгеннен кейін ғана қолданысқа жіберілуге тиістігін нықтады. Өйткені шынында құтыда не барын ешкім білмей, тек сертификатына сенуге мәжбүр. Бесіншіден, «Асыл түлік» АҚ мен ғылыми зерттеу институттары асылтұқымды бұқалардан алынатын ұрықтардан ұрғашы жынысты ұрықты бөліп алу технологиясының лицензиясын шетелден алуы және оны менгеруі үшін бюджеттен тиісті қаражат берілгені абзал.

## МИНИСТР СОНДА БҮЙ ДЕДІ...

Бір қызығы, ұрықтандыру саласын дамытуға Саясат Нұрбек те жауапты. Бірақ ол шабандық танытты. Ғылым және жоғары білім министрі тек былтыр, 2024 жылғы 29 қазандағы №502 бұйрығымен ғана «Асыл түлік» АҚ-ын базалық қаржыландыру субъектілерінің тізбесіне енгізді.

Осыдан кейін, 2025 жылғы 6 қаңтарда Ауыл шаруашылығы министрлігі Қаржы, Ғылым және жоғары білім министрліктеріне «Асыл түлік» АҚ-ын базалық қаржыландыру үшін 2025-2027 жылдары ең құрығанда 134 миллион теңге беруді сұрап, бюджеттік өтінім жолдады. Салыстыра кетсек, іргелі-теориялық емес, қолданбалы ғылымды қаржыландыру 2025-2027 жылдары 531,1 миллиард теңгеге дейін ұлғайтылды!

Оның аясында айналдырған 134 миллион теңге ұрықтандырудың жаңа технологияларын енгізуге, тіпті қолдан ұрықтандыру индустриясы мен бизнесін дамытуға жетпейді. Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровтың айтуынша, бұл ақша «Асыл түліктің» ғылыми инфрақұрылымы мен мүлкін, оның ішінде ғимараттарын ұстап тұруға, ғалымдардың, әкімшілік және қызмет көрсетуші персоналдың еңбекақысын төлеуге ғана жетеді. Бұл азын-аулақ қаражат та берілмеген: оны бөлу мәселесін 2025 жылғы республикалық бюджетті қайта қарап, нақтылау кезінде пысықтау жоспарланыпты.

Өз кезегінде АШМ басшысы протекционизм саясатын қолданып, шетелдік ұрыққа субсидия төлеуді тоқтатудан бас тартты. Себебі белгілі – Қазақстанда ұрықтандыру саласы жете дамымаған. Ал шетелдік ұрықты ел бюджетінен демеуқаржымен қолдау тоқтамаса, отандық ұрықтандыру секторы ары қарай да өркендемейді. Тығырыққа тірейтін «тұйықталған шеңбер» шығады.

– Асылтұқымды мал шаруашылығын дамыту, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қаржыларына сәйкес, сүтті және сүтті-етті бағыттағы асылтұқымды бұқаның ұрығын шетелден сатып алу субсидиялау қарастырылған. Сатып алынған бір жынысты дозаға – 10 мың теңге, екі жынысты дозаға – 5 мың теңгеден субсидия беріледі, – деді Айдарбек Сапаров.

Оның айтуынша, республикалық бюджеттен 11 облыстың 65 тауарлық сүт фермасына кредит беруге 100 миллиард теңге бағытталды. Осы 65 ферманы малмен қамтамасыз ету үшін 30 мыңға жуық асыл тұқымды сиыр сатып алу жоспарланыпты. Бұған сиырларды қолдан ұрықтандыру тәсілімен де қол жеткізілмек.

– Бүгінгі таңда отандық нарық жоғары өнімді бұқашықтар мен қашарларға деген қажеттілікті өтей алмайды. Сол себепті малды қауіпсіз және тиімді көбейту әдісі ретінде сүтті мал шаруашылығында қолдан ұрықтандыру кеңінен қолданылады. Ал депутат айтқан «Асыл түлік» АҚ-ы мен «Асыл» АТО-да бір жынысты дозаны шығаратын қажетті құрал-жабдықтар жоқ. Осыған байланысты шетелдерден әкелетін ұрыққа субсидия

төлеуді тоқтатуды орынсыз санаймыз, – деді Ауыл шаруашылығы министрі.

Ол егер осы бизнесті игеремін деген жастар, ауылдықтар болса, жол ашық деді. «Асылтұқымды мал шаруашылығы туралы» заңына сәйкес, аталған қос мекеме техник-ұрықтандырушы даярлауға немесе біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыруға құқылы.

АШМ сырттан келетін ұрықтардың сапасын отандық зертханаларда тексермей қолданысқа жібермеу туралы депутаттық ұсынысты да қабылдамай тастады. Заң бойынша елге ұрық импорттап, өткізуді асылтұқымдық және дистрибьюторлық орталықтар жүзеге асырады. Бүгінде республика бойынша 13 асылтұқымдық және 50 дистрибьюторлық орталық Асылтұқымды мал шаруашылығы саласындағы рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінде тіркелген.

«Асылтұқымды материал импорты өндіруші елдің уәкілетті органы берген ветеринариялық сертификат және асылтұқымдық куәлік болған кезде жүзеге асырылады. Ендеше әкелінген ұрықтардың сапасы бойынша мәліметтер – асылтұқымдық куәлікте, ал ветеринариялық талаптар бойынша мәліметтер ветсертификатта көрсетіледі. Шетелдік ұрықтарға қолжетімділікті шектеу Қазақстандағы малдың генетикалық сапасына кері әсерін тигізуі, өнімділікті төмендетуі және мал ауруларының артуына әкелуі мүмкін», – деді министр А. Сапаров.

Жалпы, құлық пен қаржы болса, қазақ ауылы ұрықтандыруды кен жолға қоя алады. Заң бойынша кез келген адам жануарларды қолдан ұрықтандыру қызметін бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жіберсе болды, техник-ұрықтандырушы кәсібін бастай береді.

Жуырда бір топ қазақстандық фермер Техас штатындағы америкалық Vytelle компаниясының осы технологиясымен танысты. Ферма маманы Эдвин Сэмбрэно асылтұқымды сиырдан аналық ұрық жасушасын алып, оны асылтұқымды бұқаның ұрығымен ұрықтандырып, эмбрион өсірудің қалай жасалатынын, бүкіл биологиялық циклін түсіндірді. Манипуляциялардың бәрі сол жерде, жиынтығы шамамен 50 мың доллар тұратын арнайы жабдықта орындалады.

Бұған дейін әлемдегі фермерлер сиырларға асылтұқымды бұқаның ұрығын енгізу арқылы малды асылдандырумен айналысып келді. Бірақ бұл жағдайда фермер индекстік бағалауға сәйкес, өзіне қажетті сипаттамаларға сай бұқа ұрығын ғана таңдай алады. Сонымен бірге сиырдың сапасы белгісіз қалады.

Сондықтан бұл ескі тәсілді «эмбрионалды көбейту» ығыстырып жатыр. Онда сиырдың да, бұқаның да генетикалық тазалығы, асыл тегі ескеріледі. Сол дайын эмбрион енгізілетін сиыр олардың бұзауын туып беретін «суррогат аналық» қызметін атқарады. Мемлекеттен тиісті қолдау болса, ғылым министрлігі жүздеген миллиарднан қаржы бөлсе, бұл технологияны біздің ғалымдар да еш қиындықсыз игере алар еді.



## ДӘУЛЕТ

19 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

## КӨГІЛДІР ОТЫН —

ӨҢІРЛІК  
ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

Қазақстанның газ саласы жаңа мүмкіндіктермен қатар, күрделі сын-көтерлермен бетпе-бет келіп отыр. Елдегі газдандыру деңгейі өсіп жатса да, өңірлер арасындағы теңсіздік, инфрақұрылымның тозуы және ресурстық базаның шектеулілігі сынды мәселелер әлі де өзекті. Геологиялық барлау мен өңдеу ісі жеткіліксіз болғандықтан, ішкі нарықты толық қамту қиынға соғып отыр. Осы және өзге де маңызды мәселелер Астанада өткен Energy Trends форумында талқыланды.

**А** Кәмила ДҮЙСЕН

Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында: «Саланы табысты дамыту үшін инвестицияның қайтарымын қамтамасыз ететін пәрменді ынталандыру шараларын қысқа мерзімде қабылдау, соның ішінде ақылға сыйымды тарифтер мен көтерме бағаларды белгілеу керек. Газ кеніштеріне геологиялық барлау жасау үшін жаңа инвестиция тарту тұрғысынан алғанда бұл шаралар өте маңызды. Әйтпесе, экономиканы қажетті көлемде газбен қамтамасыз ету мүмкін емес», — деп атап өткен болатын.

Президент тапсырмасы орынды ескерту. Бұл — тек энергетика саласына ғана емес, жалпы ұлттық экономиканың тұрақтылығы мен дамуына тікелей қатысты мәселе. Газ — өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, коммуналдық сектор мен халық тұрмысының негізгі энергия көзі. Егер ел ішінде газ тапшылығы туындаса, бұл біріншіден, өндірістің баяулауына, екіншіден, сырттан газ сатып алуға тәуелділікке, ал үшіншіден, тарифтердің өсуіне әкеледі. Мұның бәрі түптеп келгенде, халықтың өмір сүру сапасына және мемлекеттің экономикалық егемендігіне әсер етеді.

#### ГАЗБЕН ҚАМТЫЛҒАН ХАЛЫҚ ҚАТАРЫ КӨБЕЙДІ

Сондықтан Жолдауда айтылған мәселелер нақты әрекетке үндейтін саяси сигнал деуге болады. Нәтижесінде, қазір Қазақстандағы газбен қамту деңгейі 2022 жылдың басында 53 пайыздан 2025 жылға қарай 62,4 пайызға дейін өсті. Тек 2024 жылдың өзінде еліміздің 9 өңіріндегі 107 елді мекенге газ тартылды. Бұл шамамен 300 мың адамның үйіне жылу барды деген сөз. Сонымен қатар Астана, Алматы және Шымкент агломерацияларын газдандыру бойынша да ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Сарапшылардың мәліметінше, соңғы үш жылда 2 миллионнан астам қазақстандық көмірден бас тартып, газға көшті. Бұл пеш жағумен байланысты қиындықтардан арылуға мүмкіндік берді. Елде газдандыруды кеңейту үшін ауқымды жобалар жүзеге асырылып жатыр.

— Бүгінгі таңда еліміздегі газдандыру деңгейі 62%-ға жетті, бұл — 12 миллион 600 мыңнан астам адам деген сөз. Биыл бұл көрсеткішті одан әрі арттыру жоспарлануда. Мемлекет 65 миллиард теңге бөледі — бұл қаражат 7-8 өңірде жаңа газ құбырларын салуға және халықтың газға қолжетімділігін кеңейтуге бағытталады, — деді Энергетика вице-министрі Әлібек Жамауов.

Сыртқы сын-көтерлерге қарамастан, Қазақстан газдың тұрақты жеткізілуін қамтамасыз етіп, газ жүйесінің сенімділігін арттыра алды. Өйткені Президенттің тапсырмасы бойынша елде геологиялық барлау жұмыстары белсенді жүргізілуде, алғашқы нәтижелер де бар — жаңа газ кен орындары табылды. Бұл жобаларға қазақстандық және шетелдік инвесторлар қатысуда. Сонымен қатар салаға цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект енгізілуде, бұл газ саласының заманауи, технологиялық деңгейге көтеріліп келе жатқанын көрсетеді.

#### ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАДАМ

Сонымен қатар алдағы уақытта газ саласында ауқымды өзгерістер күтілуде. Мысалы, Қашаған кен орнында газ өңдеу зауытының құрылысы кестеге сәйкес жүріп жатыр. 2025 жыл бұл жобаның жүзеге асырылуындағы маңызды кезең болмақ. Ал форумда сөз алған Энергетика вице-министрі Әлібек Жамауов газ өңдеу зауыты мен газ құбырларын салу елді мекендерді газдандырумен және мұнай-газ химиясында жаңа өндірістер құрумен қатар жүретінін айтты. Атап айтар болсақ, жақында Манғыстау облысында құны 1,35 миллиард доллар болатын карбамид зауытының құрылысы басталып, жобаға инвесторлар тартылған. Бұл жоба елдің азық-түлік қауіпсіздігі үшін маңызды және ауыл шаруашылығы үшін азот тыңайтқыштарын өндіру көлемін арттыруға көмек

арттыру — елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты шарты.

Президенттің газ ресурстарын арттыру жөніндегі тапсырмасы аясында форумда QazaqGaz және «ҚазАзот» компаниясы арасында Ақтөбе облысындағы Солтүстік-2 учаскесі бойынша келісімге қол қойылды. «ҚазАзот» геологиялық барлау кезеңін толық қаржыландырады. Бұл — жаңа серіктестерді тартуға және тауарлық газ қорын арттыруға бағытталған маңызды қадам.

«Қазіргі таңда нарықта қолайлы жағдайлар жасалған. Біздің компания сияқты инвесторлар газ кен орындарын игеруге қаржы салып, өз инвестициялары үшін жеткілікті өтемақы алуға. Соңғы жеті жылда компаниямыз геологиялық барлауға шамамен 32 миллиард теңге жұмсады және енді бұл бағытпен көбірек отандық компания айналысатынына қуаныштымыз», — деді форумда сөз алған «ҚазАзот» компаниясының бас директоры Арман Мәуішев.

Сала жүйелі геологиялық барлау және цифрлық шешімдерді енгізу арқылы дамып келеді. Жаңа газ кен орындарында алғашқы газ ағындары тіркелді. Жобаларға қазақстандық және шетелдік инвесторлар тартылды. Алдағы басым бағыттар — жаңа газ құбырларын, өңдеу зауыттарын салу және жасанды интеллект негізіндегі технологияларға көшу.

сұраныстың өсуі баға белгілеу және ресурстарды бөлу саласында жаңа шешімдерді талап етеді.

— Біз Қазақстанда сұраныстың белсенді өсуін көріп отырмыз және бұл ретте ішкі ресурсты қамтамасыз етуде біршама шиеленіс бар. Бұл әсіресе Өзбекстанда байқалады, ол 5-6 жыл бұрын өзін-өзі қамтамасыз ете алатын, қазір газды белсенді түрде импорттайды, — деді Сергей Агибалов.

Мысалы, Қазақстанда 2030 жылға қарай тауарлық газды тұтыну 44 млрд текше метрге дейін өседі, ал оны өндіру көлемі 39 млрд текше метр болмақ. Өзбекстанда бұл көрсеткіш біршама артық. Көрші елде газды тұтыну 2030 жылға қарай 63 млрд текше метр, ал өндіріс 45 млрд текше метр деңгейінде қалады.

Сұраныс күн санап артып келе жатқандықтан, сарапшылар енді кезекте бағаны да нарыққа сай белгілейтін уақыт жетті деген пікірлерін алға тартты. С.Агибаловтың пікірінше, бүгінде Қазақстанда газдың бағасы төмен және бұл жағдай саланың тұрақты дамуына келергі келтіреді.

— Төмен баға тамаша секілді болып көрінгенімен, іс жүзінде бұл саланы дамытуға ұзақмерзімді қызығушылық тудырмайды. Тіпті, көп төлеуге дайын тұтынушылар да нарықтан қажетті көлемде газ таба алмайтын сәттер туындауы мүмкін, — деп түсіндірді ол.

Сарапшы сөзіне сүйенсек, газ бағасы өзіндік құнынан төмен болса, ұзақмерзімді перспективада инфрақұрылымның нашарлауына, инвесторлардың кетуіне әсер етуі мүмкін. Бұл — сала үшін өте үлкен тәуекел. Қазір Қазақстанда газ бағасы өңірдегі ең төмен баға деңгейінде қалып отыр. Көптеген көрші елдерде тариф бірнеше есе жоғары, ал табиғи газға бай Ресейдің өзінде баға Қазақстанмен салыстырғанда 1,5 есе жоғары.

Сондай-ақ Сергей Агибалов мемлекеттердің газ бағасын түпкілікті өнімнің құнымен байланыстыратын тетіктерді қолдана бастағанын атап өтті.

Қысқаша айтқанда, бұл — газ бағасын нақты экономикалық өніммен байланыстыру арқылы болжамды, тұрақты баға құру тетігі. Мұндай әдіс жеткізуді мен тұтынушы арасындағы мүдде тепе-теңдігін сақтауға мүмкіндік береді. Осындай жүйе, әсіресе валюта нарығындағы тұрақсыздық кезеңінде, алдын ала болжам жасауға, тұрақтылық пен сенімділікке жол ашады.

«Бұл — қос тараптың да мүддесін ескеретін бірден-бір әдіс. Ол ұзақмерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етіп, есепке негізделген экономикалық жүйені қалыптастырады. Бұл тәсіл өз тиімділігін талай елдерде дәлелдеп үлгерді», — дейді сарапшы Сергей Агибалов.

Ол сонымен қатар Ресей мен Өзбекстаннан газ импорттау — болашағы бар бағыттардың бірі екенін атап өтті. Бұл елдерде газ бағасы біртіндеп нарықтық деңгейге жақындап келеді, қазіргі таңда мың текше метр үшін шамамен 90 доллар көлемінде.

«2027 жылдан бастап Еуразиялық экономикалық одақ аясында бірыңғай газ нарығын іске қосу жоспарланып отыр. Бұл бастама сала үшін жаңа серпін беріп, өсудің жаңа белесіне жол ашады. Сонымен қатар Ресейде газбен жұмыс істейтін электр стансалары қарқынды дамып келеді — бұл бағытта да бірлесіп жұмыс істеуге кең мүмкіндіктер бар», — деп түйіндеді ол.

#### ТМД ЕЛДЕРІНДЕГІ ГАЗ ҚҰНЫ (1 МЫҢ ТЕКШЕ МЕТР)

	Қазақстан – 66 доллар (толық құнын 56%-ға ғана жабады);
	Қырғызстан – 272 доллар (95%);
	Армения – 266 доллар (100%);
	Беларусь – 216 доллар (29%);
	Әзербайжан – 142 доллар (52%);
	Өзбекстан – 116 доллар (43%);
	Ресей – 93 доллар (80%);
	Түрікменстан – 6 доллар (4%).



QazaqGaz ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Санжар Жәркешовтың айтуынша, бүгінде геологиялық барлау бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

— Газ өңдеу және газ-химия саласы бойынша Қашаған кен орнында QazaqGaz екі газ өңдеу зауытын іске асыруда. Оның бірі — жылына 1 млрд текше метр газ өндіретін зауыт. Ал жаңа зауыт — жылына 2,5 млрд текше метр газ өңдеуге арналған, — деді ол.

#### БАҒАНЫ РЕТТЕУДЕН БАС ТARTU ҚAJET

Сонымен қатар жиынға қатысушылар газ саласындағы бағаны мемлекеттік реттеуден бас тартып, нарықтық бағаға көшуге шақырды. Argus агенттігінің консалтинг жөніндегі вице-президенті Сергей Агибаловтың айтуынша, қазір ТМД елдерінің барлығы дерлік бағаны ұстап тұру және халықты қолдау үшін газ бағасын реттейді. Қазақстанда және Орталық Азия елдерінде газға ішкі

теседі. Мұндай газ-химиялық жобаларды дамыту — болашағы зор бағыттардың бірі. Бұл салаға шикізаттан өңдеуші экономикаға көшуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда газ қорының шектеулілігі мен жаңа кен орындарының игерілмеуі саланың дамуын тежеуде. Егер тиімді тарифтік саясат пен көтерме бағалар реттелмесе, шетелдік те, отандық инвесторлар геологиялық барлауға қаражат құюға құлықсыз болады. Сондықтан Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, газ саласына инвестициялық тартымдылықты



## БІЗДІҢ СҰХБАТ

19 СӘУІР 2025 | СЕНБІ



**Баубек ОРАЛМАҒАМБЕТОВ,**  
Аэроғарыш комитетінің төрағасы:

# KAZSAT-2 және KAZSAT-3 СПУТНИКТЕРІ АЛМАСТЫРЫЛАДЫ

**ӘР ЗЫМЫРАННЫҢ ЕРЕКШЕ  
СТАРТЫ БОЛАДЫ**

— Ресей өзінің ғарыш айлағын салуда. Ендеше Байқоңырдың алдағы тағдыры не болады? Ғарышқа ұшыру алаңдарын басқа серіктестерге ұсынамыз ба? Әлде өзіміз пайдаланамыз ба?

— Ресейдің ғарыш бағдарламасы бойынша ұшырудың бір бөлігі «Восточный» ғарыш айлағынан жүзеге асырылады. Оған қарамастан Ресей Байқоңыр кешенін 1994 жылы жасалған шартқа сәйкес жалдауда. Сонымен қоса, әр зымыранның ерекше старты болатыны айта кеткен жөн. Нарықта бар барлық зымырандардың өздерінің старттары бар. Үлкен көлемде инвестицияларды қажет ететіндіктен, жаңа стартты салуды ешбір ел қарастырмайды. Басқа зымырандарды ұшыру үшін оның бөлшектері құлайтын жаңа құлау аудандарын ашу қажет. Себебі әр зымыранның бөлшектері өзінің сипатына байланысты әртүрлі уақытта бөлінеді. Қазіргі уақытта нарықта бар компаниялар үшін жаңа зымыран кешенін жасау қымбатқа түседі.

Зымыран технологиясы — әлемдегі ең қорғалатын технологиялардың бірі. Бірде-бір компания оларды Қазақстанға әкеле алмайды. Осы уақытқа дейін Ресейден басқа өз аумағынан тыс жерлерде старт құрудың прецеденттері болған емес екенін айта кеткен жөн. Осыған қарамастан, біз Байқоңырға инвестиция тарту бойынша жұмыстарды жүргізіп жатырмыз. Біз әрқашан ғарышты бейбіт

телекоммуникациялық қызметтер көрсету, оның ішінде интернет желісіне, мобильді байланыс пен телерадио хабарларын тарату үшін KazSat ғарыштық байланыс жүйесінің қуатын пайдаланады.

Қазақстанда KazSat ресурстар базасында спутниктік байланыс желілерін ұйымдастыру KazSat-2 ғарыш аппараты пайдалануға берілгеннен кейін, 2011 жылдан басталды.

Сол уақытқа дейін отандық байланыс операторлары қымбат жалға алу шарттарымен және елден тыс жерлерге қомақты қаржы төлеумен шетелдік компаниялардың геостационарлық спутниктерінің ресурстарын пайдаланды. Атап айтсақ, Intelsat (АҚШ), SES (Еуропа), Eutelsat (Еуропа), «Государственное предприятие «Космическая связь» (РФ). 2011 жылы шетелдік компаниялар 88 пайызға жуық көлемде қазақстандық спутниктік (транспондерлік) сыйымдылық нарығының жалпы үлесіне ие болды. Транспондерлік сыйымдылықты жалға беру бойынша қызметтер импортының көлемі 4,5 млрд теңгеден асты.



Ал KazSat пайдаланудың барлық кезеңінде 100 пайыз спутниктік сыйымдылықтың ішкі нарығындағы қазақстандық сегменттің үлесін қамтамасыз ете отырып, транспондерлік сыйымдылықты жалға беру бойынша шетелдік қызметтерді отандық қызметтермен алмастыруды қамтамасыз ете алды.

Қазіргі таңда KazSat ресурсын пайдаланатын Қазақстанның спутниктік байланыс операторлары мен ұйымдарының саны — 18. Сондай-ақ Otav-TV ұлттық телехабарының 1,5 миллион, «Алма Телекоммуникация» «Алма Телекоммунікейшн Қазақстан» АҚ ұлттық телехабар таратудың 0,6 миллион абоненті бар. 176 ауылдық елді мекен «цифрлық» тенсіздікті жою жөніндегі мемлекеттік әлеуметтік жоба шеңберінде Интернетке қосылған. Транспондерлік сыйымдылық қызметтерін ұсыну алынған табыс — 69,4 млрд теңге.

**KAZEOSAT-1 АРҚЫЛЫ  
ШЕКАРАЛЫҚ АУДАНДАРҒА  
МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛЕДІ**

— Азаматтық салада және әскери салада қос мақсатта қатар қолданылатын ғарыш бағдарламасы бар ма? Алдағы уақытта әскери спутниктер бола ма?

— Қазіргі уақытта Қазақстанда KazEOSat-1 (жер бетін ғарыштық

түсіруге арналған) айыру қабілеті жоғары Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш аппараты пайдаланылуда. KazEOSat-1 ғарыштық түсірілімдері мемлекеттік органдардың да, күштік ведомстволардың да салалық міндеттерін шешу үшін қолданылады. Атап айтсақ, трансшекаралық өзендер мен гидротехникалық құрылыстардың мониторингі, кокыс полигондардың лицензиялық шекараларын бақылау, рұқсат етілмеген қалдықтар объектілерінің мониторингі, рұқсат етілмеген пайдалы қазбаларды өндіру мониторингі, қалалар мен мемлекеттік орман қоры аумақтарында құрылыс мониторингі. Сонымен қатар KazEOSat-1 ғарыштық түсірілімдері арқылы Қазақстанның шекаралас аудандарындағы жағдайдың жай-күйіне мониторинг жүргізіліп, қорғаныс қабілетін арттыру үшін жедел және профилактикалық кешендер жүзеге асырылады.

Қазақстанның ғарыш саласын дамыту тұжырымдамасына сәйкес қазіргі уақытта қолданыстағы KazEOSat-1 спутнигін 2028 жылға дейін алмастыру үшін KazEOSat-NR айыру қабілеті жоғары Жерді қашықтықтан зондтаудың үш (3) спутнигін тұратын топтаманы құру бойынша жобалау алдындағы жұмыстар жүргізілуде.

— Таскының алдын алу үшін отандық спутниктер қолданылатыны рас па?

— Иә, қолданылады. Таскының қауіпті кезеңінде таскын сулардың өту ауқымын және олардың Қазақстан аумағында түсу динамикасын бағалау үшін Tasqyn ақпараттық жүйесінде KazEOSat-1 және KazEOSat-2 Жерді қашықтықтан зондтау ғарыштық жүйесінен айыру қабілеті жоғары және орташа ғарыштық түсірілімдер жарияланады.

Сутаскының алдын алу шеңберінде, су деңгейі мен болжамдары бойынша «Қазгидромет» РМК-ның және су қоймаларынан су ағызу бойынша «Қазсушар» РМК-ның болжамды деректеріне сүйене отырып, уәкілетті мемлекеттік органдарға өзен учаскелеріндегі ақпаратты су басу аймақтары туралы ақпаратты жедел ұсыну үшін «Tasqyn су таскының болжау және модельдеу» ақпараттық жүйесі әзірленді.

— KazSat-2 және KazSat-3 жұмыс істеп жатқанына да он жылдан асты. Спутниктерді алмастыру жоспары бар ма?

— Қазақстанның ғарыш саласын дамыту тұжырымдамасына сәйкес, 2029 жылы KazSat-3 байланыс және хабар тарату спутнигін KazSat-3R спутнигіне ауыстыру жоспарланып отыр.

Қазіргі уақытта ғарыш техникасын өндірушілердің коммерциялық ұсыныстарына талдау жүргізілуде және жобаның қаржылық-экономикалық негіздемесі әзірленуде. Жалпы, жобаны іске асыруды 2026 жылдан бастауды жоспарлап отырмыз.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Көктем ҚАРҚЫН

Ғарыш — әлі де жұмбағы ашылмаған белгісіз әлем. Адамзаттың ғарышты игеруге деген ұмтылысы жыл өткен сайын артып келеді. Аспан әлемін бағындыру жолындағы алғашқы нақты қадам 1957 жылы басталып, «Спутник-1» жер серігі ұшырылды. Қазір ғарыш зерттеулері түрлі бағытта дамып жатыр. Халықаралық ғарыш стансасында ғалымдар ғарыштың адам ағзасына әсерін, өсімдіктердің өсуін зерттеп, Ай мен Марсты игеруді белсенді қолға алған. Қазақстанның ғарыш саласындағы жаңалықтары мен ізденістерін Аэроғарыш комитетінің төрағасы Баубек Оралмағамбетовтен сұрадық.

**ҒАРЫШКЕРДІҢ МАҚСАТЫ —  
ЗЕРТТЕУ МЕН  
ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҮРГІЗУ**

— Жалпы, қазақтан төртінші ғарышкер шығуы мүмкін бе? Ғарышкерді ұшыру не себепті қымбат? Егер төртінші ғарышкер ұшса, оған қанша қаржы кетеді?

— Ел басшылығының бастамасымен және қолдауымен ғарышкерлер Токтар Әубәкіров (1991), Талғат Мұсабаев (1994, 1998 және 2001 жылдар), Айдын Айымбетов (2015) ғарышқа ұшты. Олар «Мир» көпмақсатты орбиталық басқарылатын кешені мен Халықаралық ғарыш стансасының бортында ғарыштық зерттеулер мен эксперименттердің бес басқарылатын бағдарламасына қатысты.

Ғарышкерлерді ұшыру арқылы жүзеге асырылған бағдарламалар республикада құрылып жатқан ғарыш саласының заманауи ғылыми-техникалық әлеуетін қалыптастыруға зор үлес қосты. Нәтижесінде, Қазақстан Жерді ғарыштан зерттеудің теориялық негіздері саласында да, экономиканың әртүрлі салаларында ғарыштық бақылау технологияларын тәжірибеде қолдану жағынан да әлемнің жетекші елдерінің деңгейіне жетті. Бұл ретте ғарышта өткізілген ғылыми тәжірибелердің нәтижелері Жер шарындағы экономикалық дамудың, адамзатқа қажетті түрлі игіліктерді жүзеге асырудың маңызды тетігі десек те болады.

Тағы да бір қазақстандықтың ғарышқа ұшуына келетін болсақ, ғарышкерді ұшырудың басты мақсаты — ғарыштық зерттеулер мен эксперименттер жүргізу, ғылымды дамыту. Яғни, ең алдымен ғарышта тәжірибелер өткізу үшін ғылыми бағдарлама болуы керек. Бұл маңызды ғылыми дайындық пен мұқият жоспарлауды қажет етеді. Сонымен қатар ғарыштық ұшулар қауіпті және күрделі іс-шаралардың жиынтығы екенін ескеру маңызды. Ғылыми бағдарламаны әзірлеу кезінде біз ықтимал қауіптер мен ұшу мәселелерін талдауға және алдын алуға баса назар аударамыз.

Жұмыстардың күрделі әрі жан-жақты талдауды қажет ететін ескеріп, қазақстандық 4-ші ғарышкердің қай кезде ұшатынын нақты айту мүмкін емес. Бұл бағытта жұмыс жалғасуда. Ғарышкерді ғарышқа ұшыру — көптеген қадамдарды қамтитын күрделі процесс: оған конкурстық іріктеуден бастап, ғарышкерді дайындау, оқыту, ғылыми бағдарламаны әзірлеу, халықаралық серіктестермен келісімдер жүргізу, қауіпсіздік шаралары және миссияны орындау кіреді. Бұл кезеңдердің әрқайсысы айтарлықтай қаржылық инвестицияларды талап етеді. Күн тәртібінде әзірге төртінші ғарышкерді ұшыру мәселесі тұрған жоқ. Қаржы көлемі болашақта ғылыми бағдарламаның мақсаты және келісімнің шарттарына сәйкес анықталатын болады.

— Ғарышты зерттеу бағдар-



ламаларына еліміз қаншалықты жиі қатысуда? «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешені биыл қолданысқа берілсе, ғарышты зерттеуге бір табан жақындаймыз ба?

— Иә, бүгінде ғарыш саласындағы мекемелер Жердегі климаттық жағдайларды, табиғаттың өзгеруін, қашық және жақын ғарышты зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Осы зерттеулерді әрі қарай дамыту үшін «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешені отандық ғарыш аппараттарын тәуелсіз ұшыруға мүмкіндік береді.

жолмен игеру бойынша ынтымақтастыққа ашықпыз.

Байқоңыр ғарыш айлағын дамыту үшін бүгінгі күні «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру бойынша бірлескен Қазақстан—Ресей жобасы жүзеге асырылуда.

— KazSat-2 және KazSat-3 телерадио хабарларын тарату, телефония мен интернет қызметі сияқты телекоммуникациялық қызметтер көрсетуге арналғанын білеміз. Жалпы, отандық спутниктер тағы қандай қызметтер атқаруда?

— Иә, шынында да, KazSat сериялы спутниктердің ресурстарында спутниктік байланыс пен ұлттық телерадио хабарларын таратудың түрлі қызметтері қамтамасыз етіледі. Байланыс операторлары мен мемлекеттік құрылымдар түпкілікті тұтынушыларға түрлі



## ЗЕРДЕ



Мемлекет басшысының тапсырмасымен отандық жоғары оқу орындары ғылымды дамытудың жаңа кезеңіне аяқ басып, зерттеу әлеуетін күшейтуге ден қоюда. Ғылым мен технологияны ұштастырған бастамалар қоғамдағы әлеуметтік, экологиялық және технологиялық өзекті мәселелерді шешуге бағытталып отыр.

# СЕРПІНДІ СТАРТАПТАР МЕКЕНІ

**А** Ботагөз  
МАРАТҚЫЗЫ

## ИНКЛЮЗИЯҒА – ИННОВАЦИЯЛЫҚ КАДАМ

Сондай жобалардың бірқатары Amanzholov University жанындағы Shygy Bastau технопаркінде жүзеге асырылуда. Технопарк қабырғасындағы грант жеңіп алған жобалардың бірі – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық даярлау, оналту және әдістемелік-технологиялық сүйемелдеу бойынша құзыреттілік орталығы. Жоба аясында психолог-дефектолог мамандарына арналған кәсіби үстелдер, тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған вертикализаторлар, парталар, сондай-ақ реабилитациялық және дамытуға бағытталған техникалық құралдар жасалуда. Қазір осы жоба барысында 5 пайдалы модельге патент және 12 оқу-әдістемелік құралға, интерактивті тренажерлерге, альбомдарға, бағдарламаларға авторлық күәлік алынған.

– Ерекше өнімдеріміздің бірі – сал ауруына шалдыққан балаларға арнап жасаған вертикализаторлар (отырып-тұруға арналған арба). Бұл құрылғы баланы отыру, жату, тік тұру немесе еңкею жағдайында дұрыс орналастыруға мүмкіндік береді. Оның барлық бөлшегі реттеліп, баланың бойы мен дене өлшеміне сәйкес оңай бейімделеді. Бала өскен сайын аяқ тірегі мен аркалығын үлкен өлшемге ауыстырса жеткілікті, жаңадан арба сатып алудың қажеті жоқ. Құрылғының жаңашылдығы – оның автоматтандырылған вертикализациялау және аркалықты еңкейту механизмдерімен жабдықталуында. Бұл функциялар пульт арқылы басқарылады және педагог не камкоршының жұмысын едәуір жеңілдетеді. Шетелдік баламалармен салыстырғанда, бұл өнім 4-5



**Құрылғыны жасау үшін арнайы педагог, дефектолог, педагог, психолог, IT маманы, физик, технологтар тізе қосып жұмыс істеді.**

есе арзан, – дейді жоба жетекшісі Досым Ерболатұлы.

Бастапқы кезеңде өнімнің барлық үлгілері Dana bala үздіксіз және инклюзивті білім беру орталығы мен церебралды сал ауруына шалдыққан балаларды оналтуға арналған Демеу қолдау орталығының базасында сынақтан өткен.

Біздің назарымызды аударған тағы бір дүние – сенсорлық моноблокпен жабдықталған, еңкейтін үстелі, жарық шамы мен логопедиялық айнасы бар заманауи көпфункционалы кешен болды. Оның биіктігі мен орналасуы баланың бойына қарай автоматты түрде реттеледі. Оның тағы бір бас-

ты артықшылығы – қазақ тіліндегі логопедиялық түзетуге арналған авторлық әдістемелер мен жаттығулар. Елімізде баламасы жоқ бұл интерактивті үстел дефектологтар мен логопед мамандар үшін арнайы әзірленген. Оның құрамына сенсорлы моноблок, интерактивті панель, кәсіби логопедиялық айна, логопедиялық карточкалар мен әдістемелік материалдар кіреді. Атап айтқанда, дыбыстарды автоматтандыру мен қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыруға арналған 100-ден астам тапсырма қамтылған.


– Бұл құрылғыны ондаған жылғы жұмыстың нәтижесі деп айтуға болады. Оқу-әдістемелік құрал фонематикалық қабылдау, көру және вербалды жал, сөздік-логикалық ойлау, дыбысты дұрыс айту, екіпін қою секілді мәселелерді шешуге көмектеседі. Құрылғыны жасау үшін арнайы педагог, дефектолог, педагог, психолог, IT маманы, физик, технологтар тізе қосып жұмыс істеді. Қазір бұл үстел мектепке дейінгі ұйымдарда, түзету балабақшаларында, оналту орта-

## САПАЛЫ СҮЗГІ – САУ АҒЗАНЫҢ КЕПШІ

Технопарк қабырғасында коммерциализацияланатын жатқан тағы бір маңызды жоба – су көздерін тазартуға арналған композициялық сүзгі материалдарын өндіру технологиясы. Жоба жетекшісі, университеттің аға ғылыми қызметкері Тілек Қуанышбековтің айтуынша, бұл технология экологиялық жағынан пайдалы болуымен қатар, коммерциялық тұрғыда да тиімді, себебі ол импорттық шикізатқа тәуелді емес, қымбат жоғары технологиялық жабдықтарды, реагенттерді және күрделі өндірістік тізбектерді қажет етпейді, шағын үлгілерде оңай іске асырылады.

– Жобаның экономикалық пайдасы орасан зор. Біріншіден, ол ауызсу сатып алу шығындарын азайтады, бұл, әсіресе бөтелкедегі немесе тасымалданатын суы қымбат өнімдерде өзекті. Екіншіден, тұрмыстық техника мен инженерлік жүйелерді күтіп ұстау шығындарын төмендетеді: сүзгілер құрал-жабдықты әк, коррозия және бітелуден қорғап, олардың қызмет ету мерзімін ұзартады. Үшіншіден, медициналық шығындарды үнемдейді, яғни таза су сапасыз судан туындайтын аурулардың алдын алады. Төртіншіден, нысандардың инвестициялық тартымдылығын арттырады: сүзгілеу жүйелері тұрғын үйлердің, кәсіпорындардың және агронысандардың құнын жоғарылатады, – дейді жоба жетекшісі Тілек Қуанышбеков.

Жаңа технология дағдарыс жағдайында да тиімді болмақ. Атап айтсақ, төтенше жағдайларда (табиғи апаттар, су құбырларындағы апаттар, ластану) қауіпсіз суға қолжетімділікті қамтамасыз етеді, орталықтандырылған сумен жабдықтау бұзылғанда аурулардың таралуына жол бермейді, жергілікті тазарту жүйелері елді мекендер мен мекемелерді сыртқы инфрақұрылымға тәуелділіктен босатады. Сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауда да пайдасы біршама.



– Бұл сүзгілерге арзан әрі қолжетімді шикізат – КМЦ биополимері, шунгит, активтелген көмір және графит пайдаланылады. Бұл материалдардың адсорбциялық қабілеті жоғары, ион алмасу және наночайыртқы қасиеттері бар, нәтижесінде су ең жоғары деңгейде тазартылады. Біздің сүзгілер зиянды қоспалардың 99,9%-на дейін, соның ішінде бактериялар, вирустар және ауыр металдарды ұстап қалады. Ойластырылған құрылымы суды үнемдеуге және картридждердің қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді. Сүз-

19 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

гілерде қолданылатын материалдар халықаралық сапа және қауіпсіздік стандарттарына толық сәйкес келеді, – дейді Тілек Қуанышбеков.

## АПАТТЫҢ АЛДЫН АЛАП «АҚЫЛДЫ» ЖҮЙЕ

Технопарк ғалымдары қол жеткізген тағы бір тамаша жетістік – қашықтан зондтау деректерін, географиялық-ақпараттық жүйе технологияларын және машиналық оқытуды пайдалану негізінде Шығыс Қазақстан облысында су тасқынын болжау жүйесін әзірлеу жобасы. Технопарк жетекшісінің орынбасары Алмасбек Мәуліттің айтуынша, бұл жоба үш ғылыми мәселені шешеді.

– Біріншіден, бұл жоба жерүсті бақылауларын, аэрофототүсірілімдерді және спутниктік қашықтан зондтауды пайдалана отырып, өзен бассейндеріндегі қар қорын бағалайды. Екіншіден, гидрометеорологиялық, топографиялық және антропогендік процестерді ескере отырып, көктемгі қар еру кезінде су басуға бейім аудандарды зерттейді. Үшіншіден, климаттың, экологиялық жағдайлардың және Жерді пайдаланудың әртүрлі сценарийі кезінде су режимінің өзгеруін модельдеп, болжайды, – дейді Алмасбек Мәуліт.

Бұл жобада су тасқыны қауіпін бағалау және болжау үшін әртүрлі ғылыми тәсіл қолданылады. Ол үшін ұзақмерзімді ауа райы, өзен суы және жер бедері туралы мәліметтер, сондай-ақ жерді қашықтан зондтау мен ұшқышсыз ұшу аппараттары арқылы алынған деректер пайдаланылады. Сонымен қатар аймақтың даму жоспарлары да зерттеуге енгізіледі – бұл су тасқыны қауіпін бар аумақтарды анықтауға көмектеседі.

Айтпақшы, былтыр осы жоба аясында Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы аумағында орналасқан Қара өзеніне және Оғневқа ауылы аумағында орналасқан Тайынты өзеніне ОТТ Нудготмет компаниясының гидропотттары қойылып, бүгінде олар жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы аумағында орналасқан Линейский асуында және Самар ауданында орналасқан Ұмыш асуында Vaisala компаниясының метеостансасы қойылып, өлшеу жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Ал биыл ақпан-наурыз айларында Amanzholov University ғалымдары ресейлік әріптестерімен бірге Шығыс Қазақстан облысы аумағында орналасқан Сауыр-Тарбағатай таулары, Қалба тауларының, Қара өзені және Ақ өзендерінің сағаларында қардың қалыңдығын өлшеу, ылғал көлемін есептеу жұмыстарын атқарды. Алынған мәліметтерді топографиялық және топырақ, өсімдік ерекшеліктерімен байланыстыра отырып, ғылыми негіздегі тұжырымдамалар жасауға қолдануға болады.

Бүгінде Shygy Bastau ғылыми орталығы Үндістан, Малайзия, Түркия, Қытай елдерінің серіктес жоғары оқу орындары мен компанияларымен тығыз жұмыс істеп жатыр. Серіктес университеттердің үздік тәжірибелерін зерттеу аясында олар бірлескен ғылыми коллаборациялар әзірлеп, Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылыми гранттарына өтінімдер беруге мүмкіндік алуда.

Астана – Өскемен – Астана



## МӘСЕЛЕ

19 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

Бүгінде жасөспірімдер арасында қылмыс көбейгені жасырын емес. Бір-біріне әлімжеттік көрсету, ұрып-соғу, суық қарумен қорқытып бопсалауға елдің еті үйрене бастаған секілді. Мұндайда енді қайтпек керек? Мектеп ата-ананы, ал ата-ана мектеп әкімшілігін кінәлағаннан мәселе шешіле ме? Бұл тұста таяқтың бір ұшы мектеп психологтерінің жұмысының әлсіздігіне келіп тірелетені анық. Алайда аталған сала мамандары білім ошақтарында тапшы болып, өздері қолдауға мұқтаж болып отырса қайтеміз?

## ПСИХОЛОГКЕ ПСИХОЛОГ ҚАЖЕТ Салада неге маман тұрақтамайды?



**А** Саятхан САТЫЛҒАН,  
Жамбыл облысы

Жамбыл облыстық Полиция департаменті берген ақпаратқа сүйенсек, өңірде мектепшілік есепке қойылған оқушылардың саны 2023 жылы 395 баланы құраса, 2024 жылы 490 балаға артқан екен. Ал биыл есепте тұрған балалардың саны 587-ге жеткен.

Аудандар бойынша былтыр Байзақ ауданында кәмелетке толмағандар арасында 5 қылмыс жасалса, Жамбыл ауданында 7 оқушы полиция бөлімінің, 14 оқушы мектепшілік есепке алынған. Сол секілді Жуалы ауданында колледж студенттері арасында 3 қылмыс, ал Қордайда 2 қылмыстық оқиға тіркелген. Жоғарыда аталған аудандар жасөспірімдер арасындағы қылмыспен есепке алынған оқушылар саны бойынша көш бастап тұр. Бұл — әрине, санаға салмақ салатын статистика.

Салаға жауапты министрлік бекіткен қаулыға сәйкес, мектеп психологтеріне орта есеппен 300 баладан болуы

тиіс екен. Ал облыстық Білім басқармасы басшының орынбасары Ләззат Қызылқұлованың айтуынша, өңірде бұл стандарттың межесі 3-4 есеге артқан. Яғни, аймақта бір мектеп психологіне 1 000-2 000 оқушыдан келуде. Осылайша, жүктеменің көптігінен және артылған жауапкершіліктің ауырлығынан мамандар бүгінде білім ошақтарына тұрақтамауда. Сондықтан білім саласының мамандары мәселеге басқа қырынан қарау керек екенін айтады.

— Облыста психолог мамандар тапшылығы бар екені жасырын емес. Оның бірінші себебі — мектеп жасындағы балалар арасындағы қылмыс үшін оқиғаның қайда болғанына қарамастан, дәл осы мамандық иесінің жауапқа тартылуы болып отыр. Бүгінде жүргізілген зерделеу нәтижелеріне назар аударсақ, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың 80 пайызы мектептен тыс уақытта орын алған. Демек, бұл тұрғыда бірінші кезекте ата-ана жауапкершілігін күшейту керек, — дейді Ләззат Әбілдақызы.

психологтеріне аутодеструктивті (зиян келтіруге бағытталған) мінез-құлықтың алдын алу бағытына басымдық беру жүктеліп отыр. Алайда педагог-психологтерге қажетті жағдайдың жасалмауынан маман тапшылығы туындауда. Зерделеу жұмыстарының нәтижесінде мектептегі психолог мамандардың 90 пайызы өз қызметінен бөлек жұмыстарды да атқаратындығы анықталып отыр. Бұл межеленген міндеттің өз деңгейінде орындалмауына әсерін тигізетіні анық. Жалпы, тек мектептегі психологтердің ғана емес, өзге саладағы аталған мамандық иелерінің жайкүйі — осы. Өңірдегі педагог-психологтерге жетекшілік ететін облыстық Психологиялық орталық мамандарының жалақысы мектептегі әріптестерінен де төмен. Сондықтан орталықтағы 48 маманды 1,5 мөлшерлемедегі айлық жалақымен қамтамасыз етіп, әзер ұстап отырмыз, — дейді орталық директоры Ришат Райф.

Сондай-ақ Ришат Еркінұлы биылдан бастап аталған мамандықтың магистранттарына төлемақыны алып тастау да өз деңгейінде болашақ маман иелерін дайындауға кері әсер етпей қоймайтындығын айтады.

Ал Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің облыс бойынша өкілі Еркін Қуанышев болса, маман тапшылығын өңірдегі жоғары оқу орындарымен өзара байланыс орнату арқылы жолға қоюға болатындығын алға тартады.

— Тергеу изоляторларында болғанымызда кәмелет жасына толмағандардың басым көпшілігі іс-әрекеттері үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылатынын білмеген. Демек, бұл ретте түсіндіру жұмыстары өз деңгейінде жүргізілмеген. Ал маман тапшылығына келетін болсақ, бұл мәселені өңірдегі білім бағдарламасы бар қос бірдей жоғары оқу орнымен бірлесе шешу керек деп ойлаймын. Жылына кемінде бұл білім ордаларын 50-ге жуық студент тәмамдап шығады, — дейді Еркін Қуанышев.

Байқап тұрсақ, психолог мамандардың тапшылығы мен мамандардың салада тұрақтамауы бірнеше факторға келіп тірелуде. Ал психолог мамандардың өздері шын мәнінде жалақыларының аз екенін айтады. Сондай-ақ бір психолог маманға 1 000-2 000 баламен жұмыс істеу — қиынның қиыны. Бұдан бөлек, мектеп директорлары оқу орнының беделі үшін жасөспірімдер арасындағы көптеген занбұзушылықтарды жасыратын көрінеді. Ал бұл әрекеттері әшкере болып жатса, онда оған мектеп психологтері кінәлі болып шығуда. Осылайша, «бастан құлақ садаға» деген мектеп басшылары сала мамандарын қолдан сүріндіруде.

Әрине, мұндай жағдайда жұмыс істеу мүмкін емес екені айтпаса да түсінікті. Алайда психолог мамандар бұл мәселені көтерейін десе, жұмыстан айырылып қаламын деп те қорқады. Сондықтан білім саласында қызметте жүрген психологтер жұмған аузын ашпай, «шыда жаным, шыдамен» күнелтуде.

Ел ертеңі саналған балаларымыздың келешегін ойласақ, бұл мәселеге бейжай қарауға болмайды. Психолог мамандардың жағдайын жақсартып, өз алдына мәртебе берген де жөн секілді. Сол кезде оларды мектеп басшылығы да басына алмайды, жөнсіз ешкім кінә да артпайды. Ал одан ұтпасақ, ұтылмайсымыз анық.

**Мектептегі психологтердің жалақысы мұғалімдерден, ал оларды қадағалайтын облыстық Психологиялық орталық мамандарының айлығы мектеп психологтерінен де төмен.**

Кез келген маманның жұмыс орнында нәтижелі жұмыс істеуі үшін бірінші кезекте жайлы орта мен жалақы мәселесі реттелуі керектігі айтпаса да түсінікті. Психолог мамандардың білім ошақтарында тұрақтамауының бір ұшы да осыған тіреліп отыр. Мәселен, бүгінде мектептегі психологтердің жалақысы мұғалімдерден, ал оларды қадағалайтын облыстық Психологиялық орталық мамандарының айлығы мектеп психологтерінен де төмен деңгейде.

— Өңірде соңғы уақыттарда болған қылмыстық жағдайларға байланысты бүгінде орталық тарапынан мектеп





## ӨЗЕКТИ

19 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

Арал жайында сөз қозғалса, көзкөргендер теңіздің ақ сазанын аңыз қылып айтып отырады. Толқыны жағаны ұрған сол бір берекелі заманды сағынышпен еске алады. Бір кездері көлемі жағынан төртінші орын алған теңіздің толқыны жағадан қашқалы өңір халқының берекесі, балықтың күйі кемігені белгілі.

# КАМБАЛА ҚАЙДА, КІШІ АРАЛ?



**А** Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,  
Қызылорда облысы

Балық демекші, осыдан 50-60 жыл бұрын Арал айдынынан су маржанын сүзіп отырған жамағаттың жағдайы көшілгері болатын. Дерекке сәйкес, сол заманда Арал жағасында 2 комбинат, 10 балық зауыт және 70-ке жуық балық қабылдау бекеті болғанын көзкөргендер айтып жүр. Ол уақытта теңізден 30-дан аса балық түрі ауланған деседі. Оның ішінде алтынға бергіз бекіре тұқымы, Қызыл кітапқа енген қаяз, кішігірім жайындар да теңіз толқынымен таласып, ойнақ салған көрінеді. Тіпті, ақбалық, сазан, мөңке сияқты балықтармен қатар, тісті тұқымының экспорты да Еуропаға жол ашқан екен. Осы орайда бір кездері Лениннің хатына орай Еділ бойы халқына көмекке ұмтылған балықшылардың ерен еңбегі ерекше атап өтуге тұрарлық. Нақты айтқанда, сол хаттың негізінде көмекке мұқтаж жұртшылыққа бір тәулікте 14 вагон су маржаны жөнелтілгені аңыз болып айтылады. Осының өзі сол уақытта теңіз ырысы артып, берекесі тасығанын аңғартады.

Уақыт өте келе теңіз толқыны жағадан алыстаған сайын жергілікті жұртшылықтың да жағдайы жұқара бастады. Аймақ экологиялық апаттың аранында қалып, балықшылар байырғы атакәсібінен кол үзді. Теңіз тұздылығы артып, балық қоры кеміп кетті. Күн санап күйі

кашқан Арал теңізінің ахуалы әлемді алаңдататын жағдайға жетті. Аралды құтқарудың тетіктері қарастырыла бастады.

Соның негізінде 1996 жылы «Каттегаттан Арал теңізіне дейін» деген атаумен халықаралық дат-қазақ біріккен жобасы қолға алынды. Баянды бастама, әсіресе байырғы атакәсібінен кол үзген балықшы қауымды қуантты. Өйткені жоба аясында

жатты. Өз кезегінде даниялықтар Сыр еліне таңсық балық түрін аулауға қажетті ау-құралдарымен де қамтамасыз етіпті. Сол кезенді көзбен көргендер даниялықтар демеген жобаның жүзеге асырылған сәтін дәл бүгінгідей еске алады.

«Сол кезеңде камбала балығы Сыр жұртшылығына ғана емес, республика көлеміне де таңсық болды. Мұхиттан

лығының азаюы камбаланың қалыпты жағдайда өсіп жетілуіне кері әсерін тигізгенін мамандар жоққа шығармайды. Яғни, теңіз суының тұщытылуы ондағы камбаланы азығынан айырып, жаппай жойылуына әкеп соқтырған көрінеді.

Қазір 30 жылға жуық уақыт бұрын қолға алып, елдің ырысын тасытқан бірегей жобаның келмеске кеткенін тұрғылықты халық түсініп жүр. Бүгінде бір кездері теңізден өзгеше әдіспен ауланған ерекше балықтың сирек те болса ауға ілікпейтінін айтып, налиды.

Осы орайда Арал айдынындағы балық шаруашылығының бүгінгі ахуалын жергілікті әкімдіктен де сұрап көрдік.

«Қазір Кіші Арал теңізінде балықтың 19 түрі мекендейді. Соның ішінде су маржанының 16 түрі ауланады. Нақты кезеңде Арал ауданында жылдық қуаттылығы 23 900 мың тоннадан астам 9 балық өңдеу зауыттары жұмыс істейді. Сондай-ақ аудан бойынша балық өңдеу саласында 31 балықшылар бригадасы болса, оларда 1 426 адам жұмыс атқарады. Сол сияқты 713 өздігінен жүретін флот, 15 өздігінен жүрмейтін флот, 6 дана үлкен кеме, 3 дана шағын кеме және 9 905 құрма ау, 24 жылым, 38 кермеше ау бар. Жыл сайын ауданда балық аулау кезені ағымдағы жылдың 1 шілдесінен келесі жылдың 1 шілдесіне дейін есепке алынады. Соның негізінде 2024 жылдан 2025 жыл аралығында Кіші Арал теңізінен ауланатын балық көлемі 6 362 тонна болып бекітіліп отыр», — дейді Арал аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің жазбаша жауабында.

Осылайша, құзырлы бөлім тарапынан ауданда балық шаруашылығының өркен жайып тұрғанын жеткізді. Ал аралдық балықшылар болса бір кездері елдің берекесін тасытқан теңіздегі су маржанының бұрынғыдай күйі жоқ екенін айтып, ашынып жүр. Соның салдарынан өңірде байырғы кәсібінен кол үзіп, үйінен жырақта жұмыс іздеп, сенделіп жүрген жастардың қарасы қалыңдап барады екен.

Соған орай, камбаласын сағынған халық Арал айдынында балық шаруашылығын дамыту жұмыстарын әлі де жетілдіру қажет деп есептейді. Шынында да, 30 жылға жуық уақыт бұрын даниялықтар қолға алған баянды бастама секілді дәл қазір Арал теңізіндегі су маржанын молайтуға негіз болатын өміршең жобаның қажеттігі өздігінен сезіліп тұр.

**Уақыт өте келе теңіз толқыны жағадан алыстаған сайын жергілікті жұртшылықтың да жағдайы жұқара бастады. Аймақ экологиялық апаттың аранында қалып, балықшылар байырғы атакәсібінен кол үзді. Теңіз тұздылығы артып, балық қоры кеміп кетті.**

даниялықтар тұзды суға айналған Арал айдынына мұхиттың ащы суын мекендейтін Камбала балығын жіберіп, теңіз тіршілік қайта жандандыруды көздеген еді.

Сол кездері теңіздің екінші тынысына дем берген бастама көпті қуантқанымен, алғашында мұхиттың беймәлім тіршілік иесіне жергілікті жұртшылық таңырқай қарады.

Әп дегеннен аралдық балықшылар бұл балық түрін аулаудың қыр-сырын жетік білмеді. Десек те, бұрынғы кәсіптерімен қайта қауышқанына қуанып

жеткен су маржанын аулау тәсілі алғашында балықшыларға оңай соқпады. Бірақ бергін келе жергілікті балықшылар камбаланы аулаудың қыр-сырын жетік меңгеріп алды. Тіпті, атакәсібімен қайта қауышқан халық мұхит маржанынан әжептәуір табыс та тапты. Күнделікті нәпақасын айырып, тұрмыстары түзелді. Сол уақытта ауданда ондаған балық өңдеу зауыты қайта ашыла бастады. Соның ішінде «Камбала балық балықшылар өндірістік орталығы» іске қосылып, қарқынды жұмыс істеді. Мұндай зауыттардың бірлі-жарымы әлі күнге дейін жұмысын жалғастырып келеді», — деп Үсен Бисенбай ақсақал сол уақытты сағынышпен еске алады.

Ол кезде даниялықтар мұхиттың маржанын Ресейдің Азов теңізінен жеткізгенін де айта кеткен абзал. Тұзды суды мекендейтін санаулы балықтардың бірі болып есептелетін камбала жергілікті табиғатқа тез бейімделіп, жылдам көбейгенін де балықшылар тілге тиек етеді. Тіпті, өңірде балық шаруашылығын дамыту мақсатында даниялықтар Арал балықшыларына 1 млн АҚШ долларына жуық қаражат бөліп, ау-құралдармен қамтамасыз етуге мұрындық болғаны да айтылып жүр.

Алайда Арал халқының қуанышы көпке созылмады. «Саратс» жобасына қан жүгіріп, Кіші Аралды сақтап қалу бастамасы қарқын алғаннан бастап камбала тұқымы сирей бастаған. Нақтысын айтқанда, Аралға Сырдариядан тұщы судың құйылуы артып, теңіздің тұзды-





## ТАНЫМ

19 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

Қазақ даласының өркениеттер тоғысына айналуы күні кеше ғана басталған жоқ. Яғни, Ұлы далаға бағытталған мәдени экспанция көшінің ізі өте ерте кезеңге жетелейді. Әсіресе, жер әлемді соғыссыз жаулауға ұмтылған діни миссияның ықпалы еш тоқтамаған екен. Оның дәлелі ретінде еліміздің барлық аумағынан табылған тарихи қазба жәдігерлердің жеткілікті екенін айтуға болар. Мысалы, әлемдік наным-сенім санатындағы буддизм, христиандық және ислам дінінің қазақ даласында кеңінен тамыр жаюына ғасырлар тезінен өткен факторлар әсер еткенін байқаймыз.

# БУДДА ІЛІМІНІҢ ЖЕТІСУДАҒЫ ІЗІ

**А** Қалмаханбет  
МҰҚАМЕТҚАЛИ,  
Жетісу облысы

## СӘЛЕМЕТСІЗ БЕ, СИДДХАРТҺА ӘУЛИЕ!..

Сөз ретіне қарай, будда ілімінің Жетісу топырағында қалдырған ізі туралы айтпақпыз. Жалпы, заманның бір заманында Солтүстік Үндістандағы шак әулеті патшасының ұлы Гаутама Сиддхартһа атты ғұламаның қалдырған ілімі уақыт өте келе ғаламды жаулаған діни ағымға айналатынын ешкім білмеген де болар. Бірақ біздің дәуірімізге дейінгі I ғасырда будда ілімі дін миссиясы ретінде Орталық Азия аумағына енгені анық. Жазба тарих мұны нақты



X ғасырда, Қараханидтер әулетінің мұсылмандыққа толық өтіп, елдегі ресми дін ретінде исламды қабылдаған кезеңде ғана әлсіреп барып тоқтағанын жазады. Әрине, оның ішінде Ұлы дала төсінде Иса пайғамбар ізбасарлары әкелген несториандық бағыттағы сенімнің де ықпалы зор болғанын ұмытпауымыз керек.

**Ж**етісуға оралайық. Иә, бұл өлке будда ілімінің негізгі ошағына айналғаны анық. Зерттеушілер алғаш рет Тамғалы-Тас шатқалындағы бітік тастардағы жазуларды зерттей бастағанда аумақтан жақсы сақталған будда мүсіндері мен буддалық ілімді дәріптейтін мәтіндер тапқан. Кейін ғалымдар бұл археологиялық ескерткіштердің жасалу

уақыты XII ғасырда басталып, XVII-XVIII ғасырлар аралығына дейін созылғанын айтқан екен. Бұдан бөлек, қазіргі Жетісу облысының Сарқан ауданы аумағындағы көне Қойлық қаласының буддизмнің ошағы болғаны жайлы да дәйекті дәлелдер айтылады. Жалпы, Қойлық қалашығы әлі күнге дейін құпиясын толық ашпаған тарихи жәдігер ретінде қалып отыр. Қазба жұмыстарының нәтижесінде осыдан 7 ғасыр бұрынғы өркениет өлшемін қолмен ұстатқандай дәйектер табылған. Мәселен, сол тұста Жетісу алабында будда, христиан және ислам діндері өркениетінің қатар дамығанына дәлел жеткілікті. Аршылған топырақ астынан мешіт, шіркеу, храм қалдықтарын



көзбен көруге болады. Шығыс моншасы, түрік хамамы сияқты орындар да табылған. Қала ішінде коммуникация желісі де болғанына айғақ бар.

**Ж**оғарыда, Қараханидтер әулетінің исламды мемлекеттік дін ретінде тануымен Ұлы даладағы будда ілімінің ықпалы кемігенін айттық. Бірақ Гаутама Сиддхартһа салған жолдың табаны жүздеген жыл бойы көмескі тартпағанына уақыт тағы нақты дәлел ұсынатын сияқты. Мәселен, XVI-XVIII ғасырлар шамасында казак даласының көп бөлігін ұсыныда ұстаған Жоңғар хандығы тұсында буддизм миссиясы қайта жаңғырғаны анық. Тіпті, қазір Жетісудан табылып отырған будда монастырлерінің қалдықтары мен бітіктастары сол жоңғар шапқыншылығынан қалған белгі екені анық.

## БАЛБАЛДАҒЫ БУДДА БЕЙНЕСІ

Салмағы 3 тоннадан асатын, биіктігі 3 метр болатын алып мүсін Жетісу облысындағы Текелі қаласының маңында орын тепкен. Ғасырлар көшіне куә болып, ғажайып сыр бүккен қалпында біздің заманымызға жеткен бұл таста Будда құдайының бейнесі қашалған. Бұл Будда бейнесінің қай замандарда пайда болғаны және сәулет өнерінің озық үлгісін меңгерген шеберлердің қолтаңбасын ажырату қазіргі заманғы ғылым үшін әлі жұмбақ болып отыр. Бұл тұрасындағы өлкетанушылар, географтар, этнографтар мен теологтардың пікірталасы бір арнаға тоғысқан емес. Өйткені тас бетіндегі суреттің салынуы мен Будда құдайы жайлы аңыздардың таралу уақыты сәйкеспей, қала берді оның қазақ даласына қатысты жағы да үнемі дау туғызып келеді.

**О**сы Текелі даласындағы Будда бейнесі туралы алғашқы ресми дерек XIX ғасырда Жетісу жерін аралаған орыс саяхатшысы, Том

университетінің тұңғыш профессорларының бірі болған ботаник, этнограф Василий Сапожниковтың жазбаларында тіркелген екен. Орыс ғалымы ескерткішті «Әулиетас – кырғыздардың киелі тасы» деп атап, осы өңірде әлі күнге дейін айтылатын аңызды мысалға келтіреді.

Ал ғалым Зейнолла Самашевтің айтуынша бұл мүсін ғалымдардың түрлі болжамдарына арқау болғанымен, ешкімнің нақты ғылыми түсінік беруге дәті жетпейтін көрінеді. «Текелі тасында будда суреті ғана емес, құпия жазу бейнеленген. Мистикалық күштің қоршауындағы арыстан-арулар бейнесі тұр. Олардың алақанында будда отыр. Логос храмындағыдай қасиетті 7 баспалдақ өрілген. Әр баспалдақтың тұсында арнайы рәсімдер жасау керектігі туралы ишара белгісі бар. Будда бейнесінің жоғарғы тұсында геометриялық кескін салынған. Айналасында белгісіз әріп-танбалар арқылы құпия сөздер жазылған. Бұл будда іліміндегі жоғарғы санаға қол жеткізген адамға арналған жолдау сияқты көрінеді» деп жазды Зейнолла Самашев бұл туралы өз еңбектерінде.

Тасбелгінің қашан пайда болғаны және оның неге Текелі маңында орналасқаны жайлы да нақты дәлел жоқ. Мысалы, орыс тарихшысы Владислав Волков бұл ескерткіштің пайда болуын ұйғыр қағанаты билік құрған дәуірге теліп, дәл осы жерде қағанатқа қарсы күрескен хакас жауынгері немесе тайпа көсемі жерленген болуы мүмкін деп топшылайды. Ал сәулетші, өлкетанушы Нұраш Жаканов бұл ескерткішті XVIII ғасырдың екінші жартысында жоңғарға қарсы соғысқан Жәңгір ханның әскерлері тасқа қашап қалдыруы кәдік деп тұжырымдайды. Қалай болғанда да Текеліден Бұрханбұлаққа апаратын жолдың бойындағы будданың бейнесі жұмбақ сырын жасырған қалпы қасқайып тұр.



*Жетісуға оралайық. Иә, бұл өлке будда ілімінің негізгі ошағына айналғаны анық. Зерттеушілер алғаш рет Тамғалы-Тас шатқалындағы бітік тастардағы жазуларды зерттей бастағанда аумақтан жақсы сақталған будда мүсіндері мен буддалық ілімді дәріптейтін мәтіндер тапқан.*



дәлелмен келтіреді. Ал сол тұста Ұлы Жібек жолының бойында жатқан көшпелілердің мәдениетіне де дін миссионерлерінің ықпалы болғанын жоққа шығара алмаймыз. Дерекке қарасақ, буддизмнің наным ретінде тұтас түркі әлеміне дендеп ене бастаған кезеңін VI ғасырдан іздеуге болады екен. Демек, қазір ел аумағынан жиі ұшырасатын қазба жәдігерлер айғақтағандай, будда ілімінің өлкедегі негізгі дінің бірі ретінде қалыптасқаны анық. Тарих бұл ағымның ықпалы тек



Болашақты зерттейтін ғылым – футурология туралы газетіміздің өткен санында жазған болатынбыз. Футурологтер алдағы уақытта технологияның қарыштап дамуы адамзат өміріне айтарлықтай өзгеріс әкелетініне сенімді. Клаус Швабтың «төртінші индустриялық революциясы» басталған шақта технологиядан бас тарту мүмкін емес. Жалпы, жаһандану мәселелерін шешу жолдарын зерттеуде екі негізгі бағыт қалыптасты. Оның бірі – технооптимизм, яғни жарқын болашақ бастауы және технопессимизм – қасіретті болашақ болжамы. Түрлі шығармашылық иелері де болашаққа осы екі түрлі көзқараспен қарап, утопиялық және антиутопиялық шығармалар тудырды. Ғылыми-фантастикалық шығармалар болашақтағы болжамды мәселелер төңірегінде ой қозғады. Әсіресе, кино жанры бұл ретте көш ілгері десек болады. Біз осы мақаламызда идея авторы, сценарист Чарли Брукер туындысы – «Қара айна» антиутопиялық сериалының болашақты қалай елестетініне тоқталмақпыз.



# «ҚАРА АЙНАНЫҢ» АРҒЫ БЕТІ

**А** Наурызбек САРША

Қазір технологиялық революция адамзаттың өміріне оң және кері әсерін тигізіп жатыр дейді сарапшылар. Британиялық антиутопиялық Black Mirror (Қара айна) сериалы осы проблеманы көтереді. Сериал алғаш рет 2011 жылы көрсетіліп, бүгінде әлем бойынша үлкен танымалдылыққа ие болды. Ғылыми-фантастикалық антологияның алғашқы екі маусымы британдық Channel 4 телеарнасынан көрсетілген. 2015 жылы туындыны көрсету құқығы америкалық Netflix компаниясына өткен. Сериалдың бір ерекшелігі – мұнда әрбір эпизод бір-бірінен бөлек әр-түрлі оқиғаларға негізделген, кейіпкерлері де сан алуан. Бірақ барлығының тақырыбы ортақ. Ол – қазіргі қоғамдағы технологиялардың адам өміріне және моральдық құндылықтарға әсері. Туынды атауы – «Қара айна» деп аталуы тегін емес. Символикалық тұрғыда ол экрандағы немесе құрылғылардағы қосулы күйдегі кара экранды (телефон, теледидар, компьютер) білдіреді. Бұл «Қара айна» барлық мәселенің бастауы ретінде қарастырылады, яғни қазіргі заманғы технологиялар мен олардың адамзат өміріне тигізетін ықпалын көрсетеді. Әр сериалды көріп отырып, алдағы болашақты бейнелеген эпизодтардан бүгінгі заман шындығын танысыз. Адамдардың әлеуметтік желіге тәуелділігі, технологияның қоғамға дендеп енуі, моральдық құндылықтардың құлдырауы барлығы дерлік біздің қоғамда да көрініс тауып отырғаны шындық емес пе? Демек, туындыны фантастикалық тұрғыда ғана емес, реалистік шығарма тұрғысында қабылдауыңызға болады. Ендеше сол шындықтарды бірге талқылап көрейік.

## ӘЛЕУМЕТТІК РЕЙТИНГ, СЫРТҚЫ ИМИДЖЕ ТӘУЕЛДІЛІК

The National Anthem атты 1-маусымының бірінші сериалы алғашқы болып көрсетілген сәттен көрермендер арасында үлкен резонанс тудырған деседі. Онда Ұлыбритания премьер-министрінің қызын қаскөйлер ұрлап әкетіп, ханшайымның аман-сау қайтуы үшін премьер-министрге ақылға қонымсыз талап қояды. Бұл талабын әлеуметтік желілер арқылы қойғандықтан ақпарат күллі елге тарап кетеді. Сондағы қойған талабы – мемлекет басшысының камера алдында шошқамен бейдеп қатынасқа түсуі қажет. Ақыры, сын сағаты соққанда премьер қаскөйлердің бұл талабын орындауға мәжбүр болады. Бұл эпизод әлеуметтік желілер мен интернеттің қоғамның моральдық бағдарына қалай ықпал ететінін тереңінен көрсетеді. Яғни, адамдар жеке мүддесі үшін айналасына жыртқыштық көзбен қарап, қандай іске болса да бел шешіп кетуге бар. Өзгенің абырой-беделіне нұқсан келтіру, намысын жаншу, мақтамен бауыздау, буллингтік әрекеттерге бару таныс құбылыс емес пе?

Соңғы уақытта әлеуметтік желіде еліміздегі белгілі бір мекеме басшысы өз қызметкеріне желіге жазған жазбаға ұнату белгісін баспағаны үшін сөгіс бергені қызу талқыға ұласып жатыр. Бұл да бір әлеуметтік рейтингке деген тәуелділіктің бір ұшқыны шығар. Осындай көріністі суреттейтін сериалдағы Nosedive деп аталатын

ұшақта бизнес класпен ұша алмайды, қонақүйлерде қымбат нөмірлерді ала алмайды. Қысқаша айтқанда, окшауланасыз, көштен қаласыз. Мәселен, Қытайда әлеуметтік несие жүйесі іске қосылған. Оның бір ерекшелігі – адамның несие тарихы, жүріс-тұрысы, онлайн әрекеттері арқылы бағаланады. Нәтижесінде, сол рейтинг жинау үшін қоғамда жалған мінез, жалған қарым-қатынас қалыптасады. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл көрініске таңғала қоймаймыз. Себебі әлеуметтік желідегі кімнің жазылымы, оқырманы көп соған таңданамыз, соны қызықтаймыз. Instagram, TikTok-тағы лайк пен фолловерге тәуелді болу – адамдардың нақты тұлғасын емес, онлайн образын ғана көрсетуі екіжүзділікке әкелмей ме? Танымалдылық арқылы саясатқа келіп жатқандар да жоқ емес. Шынайы талант емес, шоу мен хайп арқылы танылу – TikTok, YouTube заманының бет-бейнесі болып отырғанын мойындауға мәжбүрміз. Мәселен, «Қара айнадағы» The Waldo Moment (2-маусым, 3-бөлім) атты эпизодында телеарнадағы Уолдо есімді сайқымазақ анимациялық кейіпкер бағдарлама жүргізушісі болады. Онда бейәдеп сөздермен әртүрлі тұлғаларға тиісіп, мазактайды. Ешқандай мәнсіз,

ойы жоқ, санасы жоқ, жай ғана анимациялық кейіпкер көш бастайды. Себебі хайп арқылы танылған оны халықтың көбі қолдап дауыс береді. Иә, дәстүрлі саясаттан тыс, медиа арқылы танымал болған, саясатта жүрген жандарды бүгінде көру көзге таңсық емес. Әлеуметтік қысымның артуы, депрессия, шынайы қарым-қатынастың азаюы – осы эпизодтағыдай дәл көріністер бүгінгі жастар арасында жиі кездеседі. Бұл эпизод әлеуметтік желі өмірімізді қалай билеп алғанын, ал лайк пен рейтинг адамның құндылығын анықтайтын құралға айналғанын көрсетеді.

## КИБЕРБАҚЫЛАУ МЕН МӘЛІМЕТТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Жеке мәліметтердің таралу қаупі – қазіргі цифрлық дәуірдің басты мәселесі. «Үндеме де биле» (Shut Up and Dance) атты бөлімінде Кенни есімді жасөспірім бала ноутбугынан анайы видеолар көріп отырғанда камера арқылы хакерлер оны түсіріп алады. Кейін оның ар-намысын қорлап, түрлі тапсырмалар орындатуға мәжбүрлейді. «Орындамасан, бейне жазбаны жақындарыңа таратамын» деп қорқытады. Әрі қарай, сюжетте басты кейіпкерге Гектор есімді басқа адам қосылады, оған да Кенни сияқты тапсырмалар да түседі. Осылайша, оларға банкті тонау, көлік ұрлау, тіпті адам өлтіруге дейінгі тапсырмалар жүктеледі. Мұндай онлайн бопсалар біздің қоғамда көрініс тауып отырғаны шындық. Мәселен, ТМД-ның бірнеше елдерінде «Көк кит» деп аталатын ойын туралы жаңалықтар пайда болып, онда әртүрлі жастағы адамдар, олардың көпшілігі – 18 жасқа дейінгі балалар, әлеуметтік желілерде «курагорлар» деп аталатын белгісіз адамдардан тапсырмалар алғаны туралы жазбаған БАҚ қалмады. Көптеген ойыншылар курагорлардың бұйрығымен өз-өзіне қол жұмсап, ойыннан оралмады. Бұл қорқынышты жағдай «Үндеме де биле» эпизодымен егіз тамшыдай ұқсас емес пе? Кибер-бопсалау, webcam-hacking, deepfake арқылы қокан-локкы жасау – бүгінде жиі тіркеліп жатқан оқиғалар. Себебі балалар мен жасөспірімдердің цифрлық қауіпсіздік жайлы сауатсыздығы – оларды осындай қауіптерге оңай итермелейді. Сериалдың осы сериясында біз желідегі абайсыз әрекеттер мен зиянкестерді рұқсатсыз бақылау өкінішті салдарға қалай әкелгенін көреміз, өйткені виртуалды кеңістікте әрқашан қырағылық таныту керек.

«**Әлеуметтік желіде еліміздегі белгілі бір мекеме басшысы өз қызметкеріне желіге жазған жазбаға ұнату белгісін баспағаны үшін сөгіс бергені қызу талқыға ұласып жатыр.**»

## Түйін:

Бірнеше маусымы, ондаған бөлімдері шыққан сериал тұрғысында көп нәрсе айтып, оның бүгінгі қоғам көрінісімен салыстыруға уақыт та, мақала көлемі де жетпес. Десек те, сериалда көрсетілген жағдайлар көп жағдайда болашақ туралы ескерту ретінде берілсе де, көптеген идеялар қазірдің өзінде өміріміздің бір бөлігіне айналып үлгерді. Black Mirror бізге: «Егер технологияны басқармасақ, ол бізді басқарады» деген ой қалдырады.

Туындыны тамашалап отырып, Жан-Поль Сартр мен Камюдің экзистенциалдік сұрағы: «Өмір мәні – оның шектеулігінде ме?» немесе Жан Бодрийярдың «симулякрлар» теориясы: «қазіргі қоғам – шындықтың көшірмесінде өмір сүреді» деген сұрақтар ойлар арасында қаласыз. Әрине, «Қара айнадағы» технологиялар нақты әлемге қарағанда әлдеқайда күшті дамыған, ал сюжеттер бізге параллель, балама шындықтағы оқиғаларды көрсете отырып, өте жетілдірілген, бірақ дәл осы идея көрерменге заманауи технологияларға деген әмбебап сенімін тағы бір рет түсінуге көмектеседі. Антологияның әр сериясы – біздің қазіргі әлемге сілтеме.

Сценарий және идея авторы Чарли Брукер өзінің технология мен технологиялық прогресті қолдайтынын ашық айтқан, ал сериал эпизодтарының идеялары технология мен өнертабыс әкелуі мүмкін тарихтың дамуының ең нашар сценарийлерін жазғанда туындаған екен. Демек, жаңа технологияның жақсы жақтары мен теріс дүниелерін бағамдай алу – бізге артылатын міндет болмақ.



## ДАМУ

19 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

## ЭТНОМЕДИАЦИЯ – ТАТУЛЫҚ ТІРЕГІ

Астана қаласы «Достық үйінде» этносаралық қатынастар саласындағы медиативтік дағдыларды дамытуға арналған семинар-тренинг өтті.



## Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

«Этносаралық қақтығыстардың алдын алу және реттеу бойынша медиативтік дағдыларды дамыту, келіссөз процесі техникасы» тақырыбындағы екі күндік семинар-тренинг барысында Астана қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы Этномедиация кеңесінің төрағасы, философия PhD докторы Сымбат Шакиров, кәсіби медиатор, заңгер, психолог Күлпаш Шалбулова әкімшілік және

шылығы, оны реттеу кезінде жергілікті билік органдарының, этнос өкілдерінің рөлі сынды дәрістер оқылды.

— Медиация — қазақ халқының «Жеті жарғысында» кездесетін мемлекет және құқық ережелерін әдет-ғұрып заңдарымен реттеу тәсілімен үндес процесс. Бұл әртүрлі қақтығысты, дау-дамай, жанжалды шешуге көмектеседі. Сонымен қатар этномедиация әдеттегіден түбегейлі ерекшеленіп, психологиялық аспектілерге әсер етеді. Медиацияның соттан ең басты айырмашылығы — ұтқан,

### Медиация – дауласушы екі тараптың өз мүдделерін қорғауда медиатордың көмегіне жүгіне отырып, өзара келісіп дауларды реттеудің баламалы түрі.

кылмыстық медиация, этносаралық даулардың алдын алу және шешу бойынша практикалық жаттығулар өткізіп, нақты кейстер арқылы шешім табу жолдарын көрсетті. Семинар-тренингке Астана қаласының аудандық әкімдіктері мен Білім беру, Денсаулық сақтау, Тілдерді дамыту және мұрағат ісі, Ішкі саясат, жастар саясаты істері басқармаларының өкілдері, сондай-ақ қоғамдық медиаторлар қатысты.

— Медиация — дауласушы екі тараптың өз мүдделерін қорғауда медиатордың көмегіне жүгіне отырып, өзара келісіп дауларды реттеудің баламалы түрі. Бұл салада қазір көп жұмыс атқарылып жатыр, — деді Астана қаласы Этномедиация кеңесінің төрағасы Сымбат Шакиров.

Семинарда этносаралық қақтығыстар дамуының негізгі кезеңдері, әлеуметтік-тұрмыстық жанжалдардың этносаралық қақтығыстардан айырма-

ұтылған деген тарап болмайды, себебі олар екі жаққа қолайлы мәмілеге келуі керек, — деді кәсіби медиатор, психолог Күлпаш Шалбулова.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, семинар-тренингтің еліміздегі медиация институтын дамытудағы және қоғамда өзара түсінушілік дағдыларын қалыптастырудағы маңызы зор.

— Біздің мақсатымыз — медиация және этномедиация әдістерімен теориялық танысу ғана емес, сонымен қатар мамандарды практикалық даярлау. Біз шеберлік сабақтарын өткізетін, нақты жағдайлармен бөлісетін және келіссөздер жүргізу дағдыларын үйрететін тәжірибелі жаттықтырушыларды шақырдық, — деп түсіндірді Достық үйі жанындағы «Қоғамдық келісім» медиаторы, талдау және мониторинг бөлімінің бас маманы Роза Бекишева.

## ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРАҒАНДЫ

Қазыналы Қарағанды өңірі жерасты қазбасымен ғана емес, тарихы сонау тас дәуірінен басталатын мұрасымен де бай. Жақында мұнда 2020-2024 жылдары жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде табылған құнды артефактілер Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорына салтанатты түрде табысталды.

### Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Аталған артефактілер Қазақстанның бай тарихын тереңірек тануға үлес қосып, ғылыми жарияланымдар мен халықаралық конференцияларда өз бағасын алды. Музей экспозициясы жаңа жәдігерлермен толықтырылып, тарихи-мәдени мұраны насихаттауға тың серпін берді.

— Сарыарқа — еліміздің көне дәуір ескерткіштеріне бай өңір. Мұны дәуір тарихының дамуы қалай жүргенін ғалымдар тапқан археологиялық қазбалар мен сол орайда жасаған тұжырымдары дәлелдеп бере алады. Бір ғана ең алғаш жылқы қола үйретілген Ботай тұрағы мен Беғазы-Дөңдібай мәдениетінің алып кесенелерін айтсақ та, талай құндылығымыз айқындала түсетіні даусыз, — дейді облыстық Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы басшысының орынбасары Жанболат Мәжитов.

Жәдігерлердің ішінде қызығушылық тудырған Талды тарихи-археологиялық саябағындағы қазба кезінде салмағы 25 келі тартатын мыс қазан болды.



— Бұл музейге өткізгеніміз 2020-2024 жылдары табылған құнды дүниелер. Заттардың бәрі лабораториялық зерттеулерден өтті. Негізінде, мұндай қазан Қарағанды облысында бірінші рет табылды. Жетісу жақта қазандар бар жер астынан қазылып алынған. Қазанды бөліп айтып отырғанымыз, оны тұтастай, яғни бүтін калпында қолымызға алдық. Дәл қазір ет асуға да болады, — дейді Жанболат Манарбекұлы.

Бұл сөзді осы қазанды қалпына келтірген ғылыми-реставрациялық зертхананың жетекшісі Қырым Алтынбеков те жәдігер табылғанда айтқан болатын.

— Бұл жәдігер біздің дәуірімізге дейінгі 3-4 ғасырға жетелейді. Қа-

зан жетісулыққа ұқсайды. Бірақ жәдігердің неге осы жерден табылғаны белгісіз. Археологтар мұны ғұрыптық қорған дейді. Оның бәрін зерттеу барысында анықтаймыз, — деді ол.

Бір қызығы, қазанды тапқан археологтар еліміздегі бірден-бір реставратор Қырым Алтынбековті Алматыдан келгенше күткен. Тазалаған кезде ыдыстың ішінен ежелгі темір дәуіріне тиесілі қымбат бұйымдар табылған. Ол қоламен безендірілген ат әбзелдерінің бөлшектері болатын. Жылқының суреттерінен жүгендерді де көруге болады. Жыртқыш аңдардың суреттері де бар. Жолбарыстың аксиған тістері салт аттыны қорғауда магиялық рөлге ие болған немесе оның қай тайпаға жататынын білдірген. Сонымен қатар қазба жұмыстары барысында қорымнан жерлеудің бірнеше ер-



тарихи орын бар. Солардың ішінде қола дәуіріне жататын Ақтоғай ауданында орналасқан Беғазы-Дөңдібай ескерткіштері, Шет ауданында орналасқан Бұғылы, Ақсу-Аюлы II ескерткіштері, 2011 жылы Қарқаралы ауданы, Талды 2 қорымынан қазба жұмыстары кезінде табылған сақ дәуіріне жататын Алтын адам бар. Одан кейінгі кезеңде ерте темір дәуірі атанған сақ дәуірінің баға жетпес жауһарлары да Сарыарқа жерінің айбарын асқақтата түсіп қана қоймай, бабалар жолы бойымызға рух дарытқандай әсер қалдырады. Өйткені мұнда басқа аймақтармен салыстырғанда, сақ заманында бой көтерген айрықша құрылыстар көптеп кездеседі. Осындай құрылыстары бар мәдениет археология тарихында Тасмола мәдениеті деп аталған екен.

Былтыр Шет ауданы Өспен ауылдық округінде археологиялық қазба жұмыстары аяқталды. Ғалымдар қола дәуірінің Ақбөйбіше қорымына тиесілі бес жерлеу орындарын тапты. Археологтар тапқан жәдігерлердің бәрі қола дәуіріне жататынын радиокөмір-текті талдау растады. Табылған бес қорымның үшеуі ауыл арасындағы жолда, ал екеуі ең далада болды. Барлық жерлеу орындары тоналған, бірақ ғалымдар әлі де қызықты артефактілерді таба алды. Олардың ішінде сол кезеңдегі өте сапалы керамика бөлшектері бар.

— Біз барлық олжаны Өспен ауылының мұражай қорына табыстадық. Сол жерде оларды көруге мүмкіндік болады, — дейді Жанболат Манарбекұлы. Қазір табылған жерлеу орындары қоршалған. Бұл келешекте қазба жұмысын жалғастыру әрі мұраны сақтау үшін қажет.

Ғалымдар сонымен қатар Сарысу өзенінің бассейні аймағында археологиялық барлау жүргізді. Нәтижесінде, олар қола дәуіріне, ерте темір дәуіріне, орта ғасырларға және қазіргі заманға жататын жаңа нысандарды тапты. Биыл да ғалымдар бұл нысандарды зерттеуін жалғастыруды жоспарлап отыр.





Ұлы Отан соғысы жылдары майдан даласында елін жаудан қорғаған, бейбіт заманда саналы ғұмырын шәкірт тәрбиесіне арнаған Тасым Жанұзақовтың өмірі – ұрпаққа үлгі.

**Баян ЖАНҰЗАҚ,**  
Атырау облысы



## ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРЫ – ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

Тасым Әбішұлы 1916 жылы Қызылқоға ауданының Тайсойған құмындағы №17 ауылда қарапайым шаруа отбасында өмірге келген. Бұл қазақ даласындағы үлкен саяси, рухани өзгерістер басталған жыл болатын. Кейіпкеріміздің балалық шағы ұлт-азаттық көтеріліспен бірге, бірінші дүниежүзілік соғыс, ақпан революциясы, ашаршылық сынды қиын-қыстау заманмен тұспа-тұс келді. 1921-1923 жылдардағы ашаршылықтан халықтың қатты күйзелгені, өлім-жітімнің көп болғаны тарихтан белгілі. Тарихшы-өлкетанушы Орақ Денгелбаев өз зерттеулерінде сондай қиыншылық уақытта оқуға жағдайы келмеген Тасым Әбішұлының 1930 жылы ғана Доссордағы мектептің табалдырығын аттағанын айтады.

1939 жылдың қазан айында әскер қатарына шақырылып, әскери борышын өтеу барысында Мемлекеттік қорғаныс комитетінің резервіндегі 7-ші зеңбірек артиллериясы полкінде қызмет атқарады. 1940 жылдың сәуірінен 31-ші атқыштар дивизиясы 129-шы таулық артиллерия полкінің

сапында әскери қызметін жалғастырады. Бұл әскери бөлім Иран және Түркия шекарасында тұрған», – дейді тарихшы-өлкетанушы Орақ Денгелбаев.

1942 жылы шілде айының соңында Майкоп қаласы (Ресей Федерациясына қарасты Адыгея республикасының астанасы) іргесіндегі Белая өзенінде қорғаныс шебін құрып, Майкоп-Туапсе (Краснодар маңындағы Қара теңіз жағалауындағы портты қала) бағытын қорғауға кіріседі.

Сержант Т.Жанұзақов осы тұста басқа әскери бөлімге ауыстырылады. Себебі бұл кезде гаубицалық артиллерия полктері таратылып, артиллерия дивизиондары атқыштар полкінің құрамына енгізілген еді. 302-ші атқыштар дивизиясының 870-ші полкінде артиллерия взводы

командирінің көмекшісі болып тағайындалып, әскери қызметін жалғастырады.

1942 жылдың күзінде Терістік Кавказ майданы жүргізген шабуылдардың бірінде сержант Жанұзақов 823-ші атқыштар полкі миномет батареясының бөлімше командирі, сержант Т.Жанұзақов «Ерлігі үшін» медалімен наградталған.

3-ші Беларусь майданы 1944 жылдың 24 сәуірінде Батыс майданның таратылуына орай құрылған. Кеңес әскерлері батысқа қарай шабуылдарын үдетіп, ілгері жылжып, көптеген қалалар мен елді мекендерді жау қолынан азат етеді. Ұлы жеңісті Эльба өзенінің бойында қарсы алған майдангер Тасым Жанұзақов 1946 жылдың тамызында ғана елге оралған. Елге оралған жылы Қызылқоға ауданындағы Кенбай орта мектебінің директоры болып таға-

дарын анықтап, батареялардың шабуылдау бағытын көрсетіп отырған. Олар үнемі жау оғының астында іс-қимыл жүргізген. Бөлімше командирі сержант Т.Жанұзақов барлау жұмыстарын ептілікпен жүргізіп, нақты деректерді жеткізіп отырған.

Донбасс операциясы барысында Украинаның Винницк облысындағы аудандық маңызы бар Калиновка мен Украинаның шығысындағы облыстық маңызы бар Горловка қалалары 4-5 қыркүйек күндері толық азат етіледі. Сонымен қатар майданның екпінді құрамалары Ресейдің Краснояр маңындағы Артемовск қаласы мен Донбасстың орталығы

йындалады. Тап осы жылы әртүрлі жағдайға байланысты бұл мектеп бастауыш мектепке айналған еді. Бірден осы мәселені қолға алған ол сол кездегі ауыл басшылары М.Мұхтаровқа, М.Айтмұханбетовке жолығып, Кенбай мектебін қайтадан орталау оқу орнына айналдырған еді.

Бүгінде марқұм болып кеткен еңбек ардагері Сапар Бисенов өзінің естеліктерінде былай деп жазады: «Тәкең осы мектепке ғана емес, бүкіл ауылға, елге үлкен еңбек күндері толық азат етіледі. Оның шәкірттері бүгінде әр салада еңбек етіп, халқына қызмет етіп жүр. Тасым Әбішұлының жұмыстағы талапшылдығы, ұйымдастырушылық қабілетімен қатар, оның қарапайымдылығы мен парасаттылығын бүгінде көптеген азамат мақтанышпен әңгімелейді».

Кейіпкеріміз мектепке басшылық еткен жылдары білім ордасының оқу-материалдық базалары жақсарды. Кадр мәселесі шешілді. Мектеп ірілендіріліп, 1963 жылы Сағыз бекетіне жаңадан мектеп салынды. КСРО Халық ағарту ісінің үздігі Тасым Әбішұлы колхоздың қиыншылық кезеңін, мектептегі жұмысын ауыл өмірімен тығыз байланыстыра отырып, бастауыш партия ұйымын қоғамдық негізде он алты жыл басқарды. Ауылдық кеңестің бірнеше мәрте депутаты болды.

Майдангер-ұстаз Тасым Әбішұлының алып жүрегі осы Сағыз ауылында мәңгілікке тыныштық тапты.

Арамызда Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагерлері аз қалды. Жеңісті жақындатқан жандардың ерлігі бүгінгі ұрпаққа үлгі болып, тарихи бағасын алғаны анық. Ал қарулас қариялардың бір тобы бүгінде Алматы облысында да тұрып жатыр.

**Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,**  
Алматы облысы

## СОЛДАТ СОЛТАНБАЙ



Ардақты ақсақал, Еңбекшіқазақ ауданының Құрметті азаматы Солтанбай Жарықбасовтың жасы жүзден асса да, әлі тың. Ол қазіргі Іле ауданы аумағындағы Алға ауылында 1925 жылы өмірге келген. 1943 жылы Іледегі әскери комиссариаттан соғысқа шақыру қағазын алғанда Солтанбай ақсақалдың жасы солқылдаған он сегізде еді. Әскерге шақыру алғанна кейін оны Ташкенттегі мергендер курсына жібереді. Алты айлық оқудан кейін жас сарбаз Забайкалье майданындағы 25-Қызыл тулы механикаландырылған бригаданың құрамына қосылған екен. Кейіннен, осы бригаданың 1-батальонына қарасты 1-ротада пулемет бөлімшесінің командирі болған. Фа-

шистерді түре қуғаннан кейін, жапондарға басқыншыларына қарсы майданға аттанған. Солтанбай майданда мергендігімен көзге түсіп, талай ерлік жасаған.

Соғыстан соң елге бірден оралмай, майданнан кейінгі ауыл шаруашылығын көтеруге жұмылды. Ол қазіргі Ресейдің Новосібір облысы Красноземск ауданына қарасты «Правда» ұжымшарында тракторист болып еңбек етті. Бейбіт майданда да еңбегімен көзге түсіп, алғысқа бөленді. Тек 1950 жылдың сәуірінде туған жерге оралып, Еңбекшіқазақ ауданына қарасты ұжымшарда есеп комис-

сиясының төрағасы қызметіне тағайындалыпты.

Жастайынан білімге құштар Солтанбай Жарықбасовтың бала күнгі арманы мұғалім болу еді. Жастық шағын соғыс жалмағаннан кейін ол арманына қол жеткізудің уақытын өткізіп алғанға ұқсайтын. Алайда алғыр солдат алға қадам баса беріпті. Еңбектен қол үзбей жүріп, Түрген педагогикалық училищесінде сырттай білім алды. Одан кейін Қазақ педагогикалық институтының Тарих факультетін сырттай бітірген. Ұстаз ретіндегі алғашқы еңбек жолын сол кездегі Алексеевка, Ключи орталау

мектептерінде мұғалім болудан бастапты. Ылдиға салса, төске озған солдат Солтанбай еңбегі мен тәжірибесі толысқан шақта Алға бастауыш мектебінде Оқу ісінің менгерушісі болып қызметке кірісті. Одан кейін он жылдан астам уақыт бойы, зейнеткерлікке шыққанға дейін аудандағы бірнеше мектепте басшылық еткен.

Он сегіз жасында майданға түскен Солтанбай ақсақалдың өңірінде II дәрежелі «Данк» ордені, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Отан соғысы» ордендері мен Жеңістің мерейтойлық медальдары жарықрайды. Бүгінде қа-

рулы қария кіндігінен өрген сегіз баласынан немере, немерелерінен шөбере сүйіп отыр.

– Соғыс салған жара әлі жазылған жоқ. Уақыт алмасып, ұрпақ ауысқан сайын қасіретті оқиғалардың тізбегі санамнан өшкен емес. Ол заманда нәсбеттің зардабы тиімеген отбасы болмады десек қателеспесіңіз. Мысалы, біздің әулеттен әкем мен екі ағайым соғысқа кеткен еді. Олар менен бұрын кеткендіктен, мен әскерге аттанғанда ешкім майданға шығарып салған жоқ. Жалғыз өзім сұрапыл соғысқа бара жатып: «Егер аман қайтсам, үрім-бұтағымды өсіремін» деп өзіме серт еттім. Жаратқан осы тілегімді қабыл етсе керек, қазір бала-шағаның ортасында бақытты өмір сүріп жатырмын. Екі ағам соғыстан қайтпады. Ал әкем 1944 жылы майданнан жаралы оралды. Кейін сұрау салып, екі бауырымның соғыста қаза болып, бауырластар зиратына жерленгенін білдім. Соғыс ешкімді аямады. Қазақ «орнында бар оңалар» деген, сол бір сұрапыл жылдарды да еңсердік. Енді заманымыз тыныш болып, Тәуелсіз еліміздің тұғыры биіктеп, айбыны арта берсін, – дейді II дәрежелі «Данк» орденінің иегері, соғыс ардагері Солтанбай Жарықбасов.



## ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ

19 СӘУІР 2025 | СЕНБІ



Байқаусызда қолыңызды жарақаттап алдыңыз. Түрлі инфекциядан қорғау үшін жараның аузын әдеттегі пластырьмен таңғаныңызбен, терінің қалпына келуі ұзаққа дейін созылды. Десек те, ғылымдағы нанотехнологияның дамуы арқасында енді бұл проблеманың шешіміне оңай қол жеткізуге болады. Бұған дәлел – алматылық ғалымдар ойлап тапқан жараны тез жазатын нанопластырь.

**А** Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,  
Алматы қаласы

Ғалымдар әзірлеген нанопластырьдың өзге медициналық таңғыштардан басты ерекшелігі сол, негізгі тасымалдағыш ретінде осы уақытқа дейін зерттелмеген Алматы облысындағы Қалжат және Жетісу облысындағы Орта Тентек атты екі саз кен орнының бентониттері қолданылған. Аталған екі кен орны бентониті теріс зарядты болғандықтан, бейионогенді немесе теріс зарядты полимерді, сондай-ақ оң зарядты жараны жазатын дәріні қолдану арқылы дәрілік белсенді затты реттеп шығаруға қабілетті жүйе алынған.

– Көп уақытқа дейін жазылмай жүретін жараны емдеу әдістерінің бірі – құрамы бірнеше белсенді заттан тұратын кешенді әсер ететін қабілеті бар, көпфункционалы препараттар қолданылған. Осыған орай заманауи жара таңғыш материалдар терінің серпінді, яғни эластикалық және механикалық қасиеттеріне ұқсас болуы, микроорганизмдер мен токсиндерді сіңіруі, жара мен сыртқы орта арасында су, ауа және жылу алмасуды қамтамасыз ету, жараға сыртқы ортадан микроағзаның енуіне жол бермеу, таңғышты ауыстырғанда адамға ауырсыну тудырмау және биоыдырағыштық пен биоүйлесімділік сынды талаптарға сәйкес болуға тиіс. Зерттеу барысында осы талаптарды назарға алуға тырыстық. Біз дайындаған наножара таңғыш қазір белсенді зерттеліп жатқан полимер-сазды композиттен тұрады, – дейді Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті инженерлік бейінді зертханасының жетекші ғылыми қызметкері Сана Қанатбекқызы.

Ғалымның сөзінше, зерттеу тобы әзірлеген нанопластырь ең алдымен

**Медициналық өнімді практикада қолдану ыңғайлы әрі жеңіл. Оның үстіне, нанопластырьдың әсер ету механизмі тиімді болғандықтан, өнімді әскери медицинада, спортшылар үшін немесе күнделікті өмірде, қант диабетімен ауыратын науқастардың көпке дейін жазылмай жүрген жарасын емдеуде қолдануға болады.**

жараны жазуға қолданылатын дәрінің уытты әсерін төмендетеді. Өнімнің ағзаға әсер ету уақытын созып, жараның тиімді жолмен жазылуын қамтамасыз етеді. Онымен қоса, полимер-сазды жүйе жара метаболизмі өнімдерін, микроорганизмдер мен токсиндерді сіңірсе, ал таңғыш құрамындағы күміс нанобөлшегі жара микрофлорасын патогеннен сақтау арқылы кешенді әсер етеді.

– Жоғарыда айтып өткенімдей, наножара таңғыш алу үшін Қалжат және Орта Тентек саз кен орны бентонитері қабаты арасындағы сілтілік металдарын декатиондау арқылы шығарып, ол аралыққа өсімдік экстракттерінің көмегімен алынған күміс нанобөлшектерін енгізіп, полимер-сазды жүйе алынып, оның бойына жараны жазуға қолданылатын дәрі сіңірілді. Жара пайда болған жердегі терінің рН-ортасы өзгеретіндіктен, наножара таңғыш дәрілік затты осы өзгеріске байланысты белгілі бір мөлшермен шығарып отырады да, дәрінің ұзақ уақыт әсер етуін қамтамасыз етеді. Жара

таңғыш тасымалдағышы полимер-сазды композиттен тұратындықтан, жара бойындағы сары су мен басқа да метаболизм өнімдерін белсенді сіңіріп отырады. Жараның сыртқы ортамен су, ауа және жылу алмасуын қамтамасыз етеді. Ал күміс нанобөлшегі антисептикалық қасиетке ие болғандықтан, грамм-оң және грамм-теріс бактериялармен күреседі. Осылайша, бір ғана жүйе бірнеше функцияны атқарып, жараның тез жазылуына мүмкіндік береді, – деді ол.

Медициналық өнімді практикада қолдану ыңғайлы әрі жеңіл. Оның үстіне, нанопластырьдың әсер ету механизмі тиімді болғандықтан, өнімді әскери медицинада, спортшылар үшін немесе күнделікті өмірде, қант диабетімен ауыратын науқастардың көпке дейін жазылмай жүрген жарасын емдеуде қолдануға болады. Ал өнімнің адам ағзасына жанама әсері бар ма? Аллергиялық реакция тудыруы мүмкін бе?


– Негізінен, наножара таңғыш құрамы бентониттен, жасыл әдіспен алынған күміс нанобөлшегінен, биополимерден және жара жазатын дәріден тұратындықтан, теориялық тұрғыдан ағзаға жанама әсері болмауға тиіс. Біздің ғылыми тобымыз аталмыш наножара таңғыштың антибактериялық қасиетін толығымен анықтап, жақсы нәтижесі қол жеткізді. Қазір оның цитотоксикологиялық қасиеті зерттелу үстінде, алғашқы нәтижелері жаман емес. Айта кететін жайт, біз зерттеп, қолданып жүрген бентониттер модификацияға дейін және одан кейін де фармакопепялық сараптаудан өтеді. Тірі ағзаға аллергиялық әсер болдырмас үшін біздің тарапымыздан полимер-сазды жүйе алуда биополимер қолданылады. Наножара таңғыш әзірлеуде ең бірінші кезекте биоүйлесімділікті қамтамасыз ету қарастырылған. Әрине, талап бойынша зерттеу жұмысы толық аяқталған соң клиникалыққа дейінгі сынақ жұмысын жүргізу қажет болады, – деді С. Қанатбекқызы.

Өнім – биоүйлесімді және биоыдырағыш келеді. Нанопластырьды қолдану медицинадағы басқа да емдік әдістермен, мысалы антибиотиктер, дәстүрлі таңғыштармен салыстырғанда қаншалықты тиімді десеніз, күнделікті қолданыстағы дәстүрлі таңғыштар құрамында көп жағдайда дәрілік белсенді зат болмайды. Профессордың айтуынша, дәстүрлі таңғышта жара мен сыртқы ортаның су, ауа және жылу алмасуы, биоыдырағыштық пен биоүйлесімділігі толыққанды қамтамасыз етілмеуі мүмкін.

Наноөнімнің жасалуына толығымен отандық шикізат қолданылатындықтан, импортқа тәуелділік болмайды, одан бөлек бұл зерттеу табылуы қиын химиялық реагенттер мен арнайы мамандарды талап етпейтіндіктен, өнімді отандық өндіріске шығару тиімді көрінеді. Ғалымдар өнімді әрі қарай дамыту үшін коммерцияландыру жобасына өтінім жіберуді жоспарлап отыр. Егер конкурстан өткен жағдайда, наножара таңғышты медициналық өнім ретінде тіркеп, фармацевтикалық компаниялармен бірлесіп сату арқылы өндірісте пайдалануды жүзеге асырмақ.

## ЖИ-МЕН ЖҰМЫС ЖЕҢІЛ

**Қазақстандық өнертапқыштардың Call2action деп аталатын еңбегі отандық нарықпен қатар америкалық компаниялардың да қызығушылығын оята бастаған. Жоба авторларының айтуынша, кремний алқабында дамып жатқан жасанды зерде азаматтарды жұмысқа қабылдау процесінде ақша мен уақытты үнемдеуге көп көмегін тигізіп жатыр.**



– Мысалы, кез келген рекрутинг не HR компаниясы бір адамды жұмысқа алу үшін немесе 100 сұхбат өткізу үшін 1-2 апта жұмсайды. Біз 100 сұхбатты екі сағатта ала аламыз. Сосын бірден есебін береміз. Сол үшін сіз жұмысшы іздеп жатсаңыз, бір күннің ішінде оны тауып, жұмысқа ала аласыз. Ол қалай? Таңертең сіз біздің жүйеге 100 түйіндеме саласыз. Кешке үздік 5 үміткер іріктеліп, сізге жұмысқа кіре алады, – дейді Call2action жобасының авторы Ерсултан Жусақынов.

Халық санының өсуі, иммигранттардың еңбек нарығына көптеп қосылуы, бәсекеңін артуы және Трамп әкімшілігінің федералдық шығындарды азайту бойынша қызметкерлерді жұмыстан шығаруы АҚШ-тағы жұмыс іздеушілердің санын еселеп көбейтіп жатыр. Осы мүмкіндікті оңтайлы пайдаланып, дамудың келесі кезеңіне өту қазақстандық жасанды интеллекттің ендігі мақсатына айналған.

Америкалықтардың назарын аударған тағы бір компания PointAI деп аталады. Беназир Төлеубекова мен Азамат Хамидовтың чат-боттары қазір гүл саудасымен айналысатын кәсіпкерлердің жұмысын жеңілдетіп, шығындарын азайтқан.

– Қазір нарықта чат-бот саласындағы бәсеке аса жоғары. Бірақ біздің өз айырмашылығымыз бар. Жобамыз 15 минут ішінде жылдам іске қосылады, кез келген жүйемен белсенді кете алады және біздің чат-бот адам сияқты жауап бергенде, оның жасанды зерде екенін жұрт байқамай қалады. Адамнан асып түспесе, кем емес, – дейді POINTAI компаниясының негізін қалаушы Беназир Төлеубекова.

Осылайша, POINTAI чат-боты тұтынушылармен байланысты автоматтандырып, тауар сатушылардың жұмысын оңтайландыра түскен. Дәл сол гүл дүкендерінің мысалын алып қарар болса, күніне келіп тұратын мыңға жуық өтінімнің 80%-ын жасанды интеллект өңдеп, штаттағы 60 адамды 11-ге дейін қысқартқан. Бюджет 500 мың доллар үнемдеген. Қызметі адамдарға қарағанда екі есе жоғары бағаланған чат-боттар енді басқа да бизнес түрлеріне енгізіліп, жекелеген операцияларды орындауға бет бұрмақ.

Т.ЕСДӘУЛЕТ

**AMANAT**  
MEDIA GROUP

**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абзал АЛТЫНБАЙҒЫЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Сағхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баян ЖАНҰЗАҚ –  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aikyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

**Тапсырыс №4582**  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,